Thirdly, the Coliseum was often presented as a symbol of the triumph of Christianity. The most important reason for this interpretation of the ruins of the Flavian Amphitheatre was the fact that in the centre of the circus, where Christians had been killed in the ancient times, a wooden cross stood tall. The Roman Empire fell and Rome became the Papal city. The cross in the Coliseum was very important especially for Krasiński. The Polish poet, at his first visit to Rome, was disappointed by Saint Peter's Basilica§. In the letter to his father, he claimed that at the basilica men thought too much about human art and there is no real Christian spirit in the church (Krasiński, 1963, p. 215). However, the cross in the Coliseum was the real centre of Christian faith for Krasiński**.

Ten krzyż wart wszystkich kościołów Mediolanu i Rzymu. Przezeń żywiej Bóg przemawia niż przez sklepienia złotem, srebrem, drogimi kamieniami zasute. Ten krzyż temu tysiąc lat, taki sam jak dzisiaj, deptany był w tych miejscach, za niego rzucano tygrysom i lwów chrześcijańskie dziewice. Wtenczas Koliseum stało wielkie, pyszne (...); a teraz rozsypuje się on w gruzy i upada, a krzyż się nie odmienił, z drewna jak wtenczas, a jednak stoi pośród budowy, stoi nad ziemią, która go prześladowała, i panuje tam, gdzie nim pogardzano (Krasiński, 1963, p. 216).

This cross is worth all the churches of Milan and Rome. Through it, God speaks more lively than through vaults full of gold, silver and precious stones. This cross, one thousand years ago, the same as today, was trampled at these places. For it, Christian virgins were thrown to the tigers and lions. That time, the Coliseum was great, haughty (...) and now it is crumbling and falling, while the cross has not changed, made of wood like that time, and stays in this building, over the country which was persecuting it.

As Krasiński's words show, for the image of Rome in romantic literature it is very important that Rome is not only the capital of an ancient empire, but is also the place of the Holy See. However, this topic is linked to a number of other questions related to the romantic attitude towards religion and Christianity as well as relations between Orthodox and Catholic churches, issues that are well beyond the scope of this paper.

To recapitulate the most important problems mentioned in this article, one poem, which evokes a great number of issues, will now be analysed. Juliusz Słowacki's^{††} *Rzym* ('Rome') described a vision of Rome as decayed space of ruins and meadows, which was compared to a desert:

* On ancient topics in the notes of Njegoš, see Flašar (1997, p. 253–304).

† About animals in the context of Roman games, see Śliwiński (1992, p. 201–204).

‡ It is interesting to compare statements made about the Coliseum with similar remarks made by another Serbian traveller, Milan Jovanović Morski (1834–1896) about the ancient amphitheatre in Naples (Jovanović, 1898, p. 56). However, the question of whether Jovanović belongs to the Romantic period is a problematic issue (Tartalja, 1984).

§ He shared this feeling with Njegoš, who wrote a poem on the cupola of Saint Peter's Basilica *Radi čovjek sve što radit može*. In the first part of the poem, the lyrical voice admires the magnificence of the church. However, in the second part, the Basilica is compared with dust, because it is only a creation of weak human beings. The real temple of God is the cosmos.

** About Krasiński's religious anxiety, see Przybylski (1999, p. 23–37).

†† Juliusz Słowacki [1809–1849] is considered one of the greatest poets of Polish literature. He wrote many interesting dramas and poems (*Kordian*, *Balladyna*, *Beniowski*, *Król-Duch*, etc). In his lifetime, he was overshadowed by Mickiewicz; however, he is now perceived as a great rival of the older poet. He visited Rome in 1836.

Nagle mię trącił płacz na pustym błoni: / 'Rzymie! nie jesteś ty już dawnym Rzymem' / Tak śpiewał pasterz trzód siedząc na koniu / Przede mną mroczne błękitnawym dymem / Sznury pałaców pod Apeninami, / Nad nimi kościół ten, co jest olbrzymem. / Za mną był morski brzeg i nad falami / Okrętów tłum jako łabędzie stado, / Które ogarnął sen pod ruinami. / I zdjął mię wielki płacz, gdy tą gromadą / Poranny zachwiał wiatr i pędził dalej / Jakby girlandę dusz w błękitność bladą. / I zdjął mię wielki strach, gdy poznikali / Ci aniołowie fal — a ja zostałem / W pustyni sam — z Rzymem, co już się wali. / I nigdy w życiu takich łez nie lałem, / Jak wtenczas — gdy mię spytało w pustyni / Słońce, szyszający bóg — czy Rzym widziałem? (Słowacki, 2005, p. 113).

Suddenly, a cry of sorrow touched me on the empty meadow: / 'Rome! You are not old Rome anymore' / a shepherd on a horse was singing it. / In front of me, dim with blue smoke, / a string of palaces [standing] on the foot of the Apennines / above them [palaces] was the church... a giant. / The shore was behind me, / and a fleet of ships in waves, like a flock of swans, / were seized with sleep under the ruins. / And then tears overcame me, when this flock [of ships] / were moved by a wind, and [a wind] drove them far away / as a garland of souls into wan blueness. / And fear overcame me, when they [ships] disappeared, / those angels of the waves — And I was left alone / in the desert — with Rome, which was collapsing. / And I have never in my life shed such tears / as then, when in the desert / the Sun, a deriding God, asked me, if I had seen Rome.

The poem is a variation on the theme of the famous elegy by the sixteenth-century Sicilian humanist Janus Vitalis, very popular in Polish and European literature (Graciotti, 1991; Zarucchi, 2013). The main topic of the poem is a feeling of alienation and fragility in being confronted with ruins (Inglot, 2002; Kuczera-Chachulska, 2002; Mikołajczak, 2002; Zgorzelski, 1980). The image of Rome in the poem is subjective, metaphorical and emotional. Three elements are contrasted: 1) contemporary Rome with palaces and Saint Peter's Basilica; 2) ancient ruins in decay; 3) ships on a shore. According to Czesław Zgorzelski, there is strong opposition in the poem: a static Rome and a dynamic movement of ships that make the lyrical voice cry (Zgorzelski, 1980, p. 28). Ships may be a symbol of 'reserves of imagination' (Foucault, 2005, p.124). When they disappear, the lyrical voice is overcome with sadness, because Rome, in the past the greatest city on earth, is now in decay, is 'collapsing'. As demonstrated above, among the ruins of Rome poets felt overwhelmed by a feeling of inevitable fragility. In this context, it should be noted that the lyrical voice meets two 'characters'. The first is the shepherd. According to researchers, this person introduces a contrast between the old Rome, imperial city, now in ruins, and present-day Rome, which is inhabited by peasants and in decay. The second 'character' is a symbolic one — the Sun, 'a deriding god'. According to Chloe Chard, ruins are repositories of the unconscious and supernatural and such is the case with Słowacki's poem. It should also be pointed out that the Sun appears in a place described as 'the desert'. Rome, which used to be the capital of an empire, the city of the gods (Edwards, 1996, p. 44–68), the centre of Catholicism, is described in the poem as the desert where 'a deriding God' reveals itself. The final question ('Have I seen Rome?') and the lyrical voice's tears introduce a contrast between the overwhelming power of time and nature (symbolized by the deriding Sun) and the fragility of human deeds and achievements that are even as magnificent as Rome itself.

Acknowledgements

This work was supported by the National Centre of Science (Project 2011/03/N/HS2/01724, Decision-Number DEC-2011/03/N/HS2/01724) and by a Scholarship of the Foundation of Adam Mickiewicz University.

Bibliography

- 1 Bassin, M. *Inventing Siberia: Visions of the Russian East in the early nineteenth century*. American Historical Review, (1991), 96(3), 763–794.
- 2 Biliński, B. Norwid w Rzymie. In M. Żmigrodzka (Ed.), *Cyprian Norwid w 150-lecie urodzin. Materiały konferencji naukowej 23–25 września 1871*, 1973, p. 151–195, Warszawa: Państwowy Instytut Wydawniczy.
- 3 Burkot, S. *Polskie podróżopisarstwo romantyczne*. Warszawa: PWN, 1988.
- 4 Chard, C. The road to ruin: memory, ghosts, moonlight and weeds. In C. Edwards (Ed.), *Roman presences. Receptions of Rome in European Culture, 1789–1945*, 1999, p. 125–139. Cambridge: Cambridge University Press.
- 5 Edwards, C. *Writing Rome: Textual Approaches to the City*. Cambridge: Cambridge University Press, 1996.
- 6 Fiećko, J. *Rosja Krasieńskiego. Rzecz o nieprzejeździe*. Poznań: Wydawnictwo Naukowe UAM, 2005.

- 7 Fieguth, R. Od „Pompei» do „Quidama». Z problemów klasycyzmu norwidowskiego. In K.Meller (Ed.), *Klasycyzm. Estetyka — doktryna literacka — antropologia*, 2009, p. 345–374. Warszawa: NERITON.
- 8 Flašar, M. *Njegoš i antika*. (M.Babović, Ed.). Podgorica: Institut imeni Njegoša, 1997.
- 9 Foucault, M. Inne przestrzenie. *Teksty Drugie*, (6), 2005, p. 117–125.
- 10 Goethe, J. W. *Italian Journey*. (W.H.Auden & E.Mayer, Trans.). Harmondsworth: Penguin books, 1970.
- 11 Graciotti, S. Losy jednej z elegii Giana Vitalego, czyli ruiny Rzymu w polskiej poezji. In W.Jekiel, J.Rogoziński, & G.Błachowicz (Trans.), *Od Renesansu do Oświecenia*, Warszawa: PIW, 1991, p. 139–158.
- 12 Inglot, M. „Rzym» — elegia dramatyczna Juliusza Słowackiego. *Nie tylko o „Kordianie»*. *Studia nad twórczością Juliusza Słowackiego*, Wrocław: Dolnośląskie Wydawnictwo Edukacyjne, 2002, p. 180–189.
- 13 Janion, M. *Zygmunt Krasiński. Debiut i dojrzałość*. Warszawa: Wiedza Powszechna, 1962.
- 14 Jezernik, B. *Dzika Europa. Balkany w oczach zachodnich podróżników*. (P.Oczko, Trans.). Kraków: Universitas, 2007.
- 15 Jovanović, M. *Gore dole po Napulju. Putničke crte*. Beograd, Zagreb: Srpska književna zadruga, 1898.
- 16 Kennedy, D. F.A sense of place: Rome, history and empire revisited. In C.Edwards (Ed.), *Roman presences. Receptions of Rome in European Culture, 1789–1945*. Cambridge: Cambridge University Press, 1991, p. 19–34.
- 17 Kilibarda, V. Njegoš i Italija. In S.Tomović (Ed.), *Enciklopedija Njegoš I*. Podgorica: Fondacija Njegoš, CID, 1999, p. 161–169.
- 18 Kilibarda, V. Njegoševo poslednje putovanje: kroz Italiju 1850–1851. *Lingua Montenegrina*, (9), 2012, p. 151–172.
- 19 Krasiński, Z. *Listy do ojca*. (S.Pigoń, Ed.). Warszawa: PIW, 1963.
- 20 Krasiński, Z. (a). *Dzieła literackie. T. 1*. (P.Hertz, Ed.). Warszawa: PIW, 1973.
- 21 Krasiński, Z. (b). *Dzieła literackie. T. 3*. (P.Hertz, Ed.). Warszawa: PIW, 1973.
- 22 Królikiewicz, G. *Terytorium ruin. Ruina jako obraz i temat romantyczny*. Kraków: Universitas, 1993.
- 23 Kuczera-Chachulska, B. „Płacz» Słowackiego. Liryczna wartość motywu. *Przemiany form i postaw elegijnych w liryce polskiej XIX wieku. Mickiewicz, Słowacki, Norwid, Faleński, Asnyk, Konopnicka* (pp. 159–174). Warszawa: Wydawnictwo Uniwersytetu im. Kardynała Stefana Wyszyńskiego, 2002.
- 24 Kuźma, E. *Mit Orientu i kultury Zachodu w literaturze XIX i XX wieku*. Szczecin: Wydawnictwo Naukowe Wyższej Szkoły Pedagogicznej w Szczecinie, 1980.
- 25 Litwornia, A. *Rzym Mickiewicza: poeta nad Tybrem 1829–1831*. Warszawa: Prószyński — S-ka, 2005.
- 26 Mickiewicz, A. *Dzieła. T. 14. Listy, część pierwsza 1815–1829*. (M.Dernałowicz, E.Jaworska, & M.Zielińska, Eds.). Warszawa: Czytelnik, 1998.
- 27 Mickiewicz, A. *Dzieła. T. 17. Listy, część czwarta 1849–1855*. (M.Dernałowicz, E.Jaworska, & M.Zielińska, Eds.). Warszawa: Czytelnik, 2005.
- 28 Mikołajczak, M. Rzym neoklasycystyczny Jarosława Marka Rymkiewicza w kontekście wiersza „Rzym» Juliusza Słowackiego. In M.Kuziak (Ed.), *Juliusz Słowacki. Wyobraźnia i egzystencja* (p. 315–326). Słupsk: Pomorska Akademia Pedagogiczna w Słupsku, 2002.
- 29 Mocarska-Tycowa, Z. Rzym antyczny i Kampania Rzymska w malarstwie romantycznym. In M.Kalinowska & B.Paprocka-Podlasiak (Eds.), *Antyk romantyków — model europejski i wariant polski: rekonesans*, Toruń: Wydawnictwo Naukowe Grado, 2003, p. 593–603.
- 30 Nenadović, L. *Pisma iz Italije*. Beograd: Srpska književna zadruga, 1907.
- 31 Njegoš, P. *Njegoševa bilježnica*. (J.Jovanović, Ed.). Cetinje: Istoriski institut, 1956.
- 32 Njegoš, P. *Celokupna dela VI. Izabrana pisma*. (N.Banašević, V.Latković, & J.Milović, Eds.) (9th ed.). Beograd: Prosveta, Obod, 1981.
- 33 Norwid, C. *Pisma wszystkie. T. 7. Proza, część wtorek*. (J.W.Gomulicki, Ed.). Warszawa: PIW, 1973.
- 34 Piętka, R. „Terminus». Rzym jako symbol trwałości i przemijania, 2003. *Symbolae Philologorum Posnaniensium Graecae et Latinae* 2, 15.
- 35 Piętka, R. Hellenizacja i deromanizacja. Dylematy dziewiętnastowiecznej refleksji o antyku. In E.Wesołowska (Ed.), *Romantyczna „antiquitas». Rzymskie inspiracje w teatrze i dramacie XIX wieku z uwzględnieniem mediacji calderonowskiej i szekspirowskiej* Poznań: Wydawnictwo Naukowe UAM, 2007, p. 9–18.
- 36 Pižurica, K. Mediteranski motivi u Njegoševom djelu. *Letopis Matice srpske*, 461(3), 1998, p. 582–605.
- 37 Popović, M. *Istorija srpske književnosti. Romantizam 2*. Beograd: Nolit, 1972.
- 38 Przybylski, R. *Rozhukany koń: esej o myśleniu Juliusza Słowackiego*. Warszawa: Sic!, 1999.
- 39 Said, E. W. *Orientalism*. London: Penguin, 1977.
- 40 Słowacki, J. *Wiersze. Nowe wydanie krytyczne*. (J.Brzozowski & Z.Przychodniak, Eds.). Poznań: UAM, 2005.
- 41 Stefanowska, Z. Norwidowski romantyzm. *Strona romantyków. Studia o Norwidzie*. Lublin: Towarzystwo Naukowe Katolickiego Uniwersytetu Lubelskiego, 1993.
- 42 Stuparević, O. Srpski putopis o Italiji. In N.Stipčević (Ed.), *Uporedna israživanja 1* (p. 103–181). Beograd: Institut za književnost i umetnost, 1976.
- 43 Śliwiński, M. *Antyk i chrześcijaństwo w twórczości Zygmunta Krasińskiego*. Słupsk: Wyższa Szkoła Pedagogiczna w Słupsku, 1986.
- 44 Śliwiński, M. *Norwid wobec antyczno-średniowiecznej tradycji uniwersalizmu europejskiego*. Słupsk: Wyższa Szkoła Pedagogiczna w Słupsku, 1992.
- 45 Tartalja, I. Jedan zaboravljen majstor srpske proze iz perioda ranog realizma. *Naučni sastanak slavista u Vukove dane, Zbornik radova*, 13/2, 1984, p. 129–136.

- 46 Todorova, M. *Imagining the Balkans*. Oxford: Oxford University Press, 2009.
- 47 Trybuś, K. *Stary poeta. Studia o Norwidzie*. Poznań: Wydawnictwo Naukowe UAM, 2000.
- 48 Trybuś, K. Norwidowski klasycyzm — zarys problemu. In K.Meller (Ed.), *Klasycyzm. Estetyka — doktryna literacka — antropologia*, Warszawa: NERITON, 2009, p. 375–390.
- 49 Waśko, A. *Zygmunt Krasiński. Oblicza poety*. Kraków: Arcana, 2001.
- 50 Wolff, L. *Inventing Eastern Europe. The map of civilization on the mind of the Enlightenment*. Stanford: Stanford University Press, 1994.
- 51 Zarucchi, J. M. Du Bellay, Spenser, and Quevedo Search for Rome: A Teacher's Peregrination. *The French Review*, 71(2), 2013, p. 192–203.
- 52 Zgorzelski, C.Rzym. In S.Makowski (Ed.), *Juliusza Słowackiego rym błyskawicowy. Analizy i interpretacje* Warszawa: Wydawnictwo Szkolne i Pedagogiczne, 1980, p. 26–30.
- 53 Zieliński, B. Njegoš u srpskom i crnogorskom književnom i kulturnom kanonu. In T.Bećanović, R.Glušica, & M.Ivanović (Eds.), *Njegoševi dani 1. Zbornik radova sa međunarodnog slavističkog naučnog skupa*, 2005, pp. 9–25. Nikšić: Univerzitet Crne Gore, Filozofski fakultet.
- 54 Ziemba, K. Rzym Mickiewicza (wokół listu Adama Mickiewicza do Marii Mickiewiczówny z 19 grudnia 1851 roku). In M.Kalinowska & B.Paprocka-Podlasiak (Eds.), *Antyk romantyków — model europejski i wariant polski: rekonesans*, 2003, pp. 172–194. Toruń: Wydawnictwo Naukowe Grado.
- 55 Živančević-Sekeruš, I. *Kako (o) pisati različitost*. Novi Sad: Filozofski fakultet, 2009.

T.Эвертовски

Поляк және серб әдебиетінің романтикалық кезеңіндегі Рим бейнесі

Мақалада поляк және серб әдебиетінің романтикалық кезеңіндегі Рим бейнесі қарастырылды. Мақала авторы P.Njegoš, L.Nenadović, A.Mickiewicz, J.Słowacki, Z.Krasinski, C.Norwid сияқты поляк және серб жазушыларының туындылары негізінде Рим бейнесіне салыстырмалы талдау жасады. Ол Рим бейнесін үш тұрғыдан қарады: «Рим утопия ретінде», «Рим дүниежүзілік өркениеттің өшу символы» және «Рим сияқты еуроөркениеттің мультимәдени факторы». Аталған концептілер мәтін үзінділерімен, сондай-ақ поляк және серб мәдениетінің, XIX ғасыр саяси және әлеуметтік өмірінің философиялық және идеологиялық аспектілерінің терең талдауымен нақтыланды.

T.Эвертовски

Образ Рима в польской и сербской литературе романтического периода

Автором статьи представлен сравнительный анализ образа Рима в произведениях польских и сербских писателей P.Njegoš, L.Nenadović, A.Mickiewicz, J.Słowacki, Z.Krasinski, C.Norwid. Выявлено три концепта, лежащих в основе интерпретации этого образа в польской и сербской литературах: «Рим как утопия», «Рим как символ увядающей мировой цивилизации», «Рим как фактор мультикультурной составляющей европейской цивилизации». Каждое из положений подтверждается не только текстовыми фрагментами, но и глубоким анализом философских и идеологических аспектов польской и сербской культуры, политической и социальной жизни XIX века.

ӘОЖ 81'

А.С.Әділова, М.Ш.Қабанов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: adilova2010@mail.ru)

Қазақ толғауларындағы қаратпа сөздер

Мақалада жыраулар туындыларында жиі қолданылатын қаратпа сөздер арнау түрінде болатындығы жайлы айтылды. Авторлар жыраулар өмір сүрген замандағы хандардың және басқа да тұлғалардың аттарының шығарма ішінде пайдалануынан көрініс табатын қаратпа сөздерді жіктеп берді. Айналадағы жансыз дүние немесе абстракт мәндегі қаратпа сөздердің мақсатты қолданысы айрықша екендігін дәлелдеді.

Кілт сөздер: толғау, жырау, жыраулар поэзиясы, мәтін, қаратпа сөздер, мағына, оқшау сөздер, қарату.

Қаратпа сөздер тіл біліміндегі жіктеу бойынша «оқшау сөздердің» біріне жатады. Себебі олар сөйлем мүшесі бола алмайды. Қаратпа сөздердің мағынасы біреуге қарата айтылған ойды, пікірді білдіреді. Бұл — сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысты жүзеге асырушы белгілі бір тілдік тұлға. Ондағы мақсат автордың тарапынан белгілі бір хабарға адресаттың назарын аударту болып табылады. Тіл білімі оқулықтарында қаратпа сөздердің даму тарихына қатысты: «Зат есімнің осы таптарының қаратпа сөз ретінде жұмсалудың өзіндік эволюциясы бар. Сонда, ең алдымен, жалқы есім, одан кейін, жалпы есім, келе-келе барлық жан-жануар, тіпті, барлық тіршілік атауы, соңынан, сөйлеу тілінің ең дамыған сатысында абстракт заттардың да қаратпа ретінде жұмсалуды қалыптасты. Бұған қарап зат есімдердің барлық категориялары қаратпа сөз ретінде жұмсалатыны нақты дәлелденіп отыр» [1], — деген пікір бар.

Поэзияда бастапқы қарату мағынасы көмескіленіп оның орнына басқа талаптар енеді. Ғалым М.Серғалиев: «Стилистикалық фигуралардың бірі ретінде танылған стилистикалық қаратпа сөйлеушінің немесе жазушының кімге, неге қарата сөйлейтінін немесе жазатынын білдіреді. Стилистикалық қаратпа, әсіресе, көркем шығармада, соның ішінде поэзияда, өте жиі қолданыс тауып жүр» [2; 238], — деп көрсетеді.

Поэзиядағы қаратпалар ондағы синтаксистік ерекшеліктің бірі ретінде қарастырылады. Олар коммуникативтік мәнімен қатар, көркемдік жүкті де көтереді. Оның үстіне ұйқасқа да қатыстырылады. Қаратпа түрінде келген бір адамның аты немесе оған қатысты сөздер өлеңнің көп жерінде тұрақты орында келіп, сол күйінде ырғақты да үстеп тұрады. Өлшем мәселесі де тыс қалмайды. Жыраулар поэзиясындағы қаратпа сөздердің адамның өз атымен, ол адамның лауазым атымен және сол адамның беделіне қатысты сөздермен келетін жерлерін байқата аламыз. Бір ерекшелігі — мұндай қаратпалар туындының бойындағы барлық сөйлем ішінен орын алады.

Үмбетей жырау:

*Уа, Алатаудай Ақшадан
Асып туған, **Бөгембай**,
Болмашыдай анадан
Болат туған, **Бөгембай**!
Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай, **Бөгембай**! [3; 131].*

Бұқар жырау:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай... [3; 37].*

*Кең Абылай, кең аям,
Шұбар ағаш құба жон
Мекен еткен шөлде, аям,
Төлі менен тентегің
Іліп алдыңа келді, аям! [4; 88].*

Бұл толғаулар жолдарындағы қаратпалар әр сөйлем соңында келген. Олар шығарманың ұйқасын да ырғағын да қоса атқарысып тұр.

Н.Ә.Егіншібаева қаратпалардың қызметін былайша жіктеп көрсетеді: «Жалпы қаратпа сөздердің үш түрлі қызметін белгілеуге болады: 1. Лирикалық кейіпкердің эмоциялық күйінің көрсеткіші (*қайғылы ай, қайғылы қайың*) сияқты сөз тіркесіне құрылған. Қаратпалар автор-субъектінің қабылдауында алынған. 2. Сипаттама мінездеу қызметі (*бота көз, сиқырлы сөз Гүлсім ханым, қысық көзді, күншығыс* т.б.). 3. Қаратпа сөздің номинативтік қызметі» [5].

Лирикада қаратпалардың жақсыз, абстракт заттарға қаратып айтылуы көп. Орыс лингвистикасындағы И.В.Ковтунованың мына пікірі сөзімізге дәлел болады: «Речевой диалог как способ приближения и познания объясняет то, что в лирике возможны обращения к любимым вещам, существующим в мире (или в представлениях о мире), без каких бы то ни было ограничений. Тем не менее есть смысл дифференцировать основные предметные (тематические) разновидности обращений в поэзии, поскольку они имеют свои коммуникативные нюансы, свои семантические особенности в структуре поэтического текста» [6; 96].

Поэзиядағы қаратпалар арналу сипатына қарай «адамзат», «ғаламзат» деген атаулармен берілетін екі түрмен ерекшеленеді. «Адамзат» бұл адам баласының сан түрлі атауларымен берілетін қаратпалардың жиынтығы. Ал «ғаламзат» адамнан басқа зат не құбылысқа арнала айтылған өлең сөздердегі қаратпалардың жалпы атауы болып табылады.

Бұл тұста И.В.Ковтунова оны: «Выделяются обращения к лицам и не к лицам. Среди обращений к лицам различаются, помимо самого говорящего, некоторые наиболее типичные для лирики типы обращений» [6; 96], —деп көрсеткен.

И.В.Ковтунова кеңістік-уақыттық жақындықтың тууы автор мен сөз арналып айтылған адам, зат не құбылыс арасындағы тілдесудің нақты сол кезде болып жатқандай әсерге бөлейтінін атап өтеді: «Обращения к другу, возлюбленной и другим близким, лирическому герою, адресату обладают наименьшей степенью условности. Воображаемая диалогическая ситуация ближе всего к реальной — действительной или возможной. Пространственно-временной сдвиг приближения адресата к говорящему создает иллюзию совпадения воображаемого диалога с моментом речи. Диалогическое общение с адресатом может приближаться к естественному речевому диалогу, возможному в реальной устной коммуникации» [6; 96].

Шығарма авторы тарапынан сол өмір сүріп жатқан кезеңнен бұрын өмір сүрген, не сол кеңістіктен бөлек нәрсеге сөз арнау, тіл қату тек поэзияда ғана мүмкін болады. Ал жыраулар поэзиясының жанрлық болмысына сәйкес ондағы мазмұн кез келген дүниеге қарата айтыла бермейді. Толғау мазмұны өз мәтіндеріндегі қаратпалардың өзіндік қатарын қалыптастырады.

Жыраулар қоғам, ел басқару ісіне белсене араласқан тұлғалар болғандықтан, әрі шығармашылықтары осы төңіректе өрімделгендіктен, жеке тұлғаларға қарата айтылған қаратпалардың молдығымен сипатталады. Оны Р.Сыздықова: «Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқалар көп толғауларын өз қожалары — сөздеріне немесе өзге хандарға арнайы айтады. Асан толғауларынан Жәнібек хан, Шалкиізден Би Темір, Жиёмбеттен Еңсегей бойлы Ер Есім, Марғасқадан Тұрсын хан деген билеушілердің аттарын көреміз» [7], — деген жолдармен байқатады.

Толғау мәтіні ішінде қаратпа сөздердің қатыстырылуына әр түрлі факторлар әсер етеді. Оның бірі автордың стилі болса, енді бірі — өлең идеясы. Өз заманында мемлекет ісі тұрғысындағы мүдде ел басқарған хандарға, ел қорғаны батырларға ақыл-кеңес, тілек-өтініш жасауға себепкер болған.

Осыған байланысты жыраулар шығармаларында, ең алдымен, хандарға қатысты қаратпалардың мол кездесетіні байқалады. Шығарма авторының замандасы, серіктесі ретіндегі өзара байланыс мына жолдардағы қаратпалардың қолданылуының басты негізі болған. Бұл өз кезегінде туынды

жолдарындағы тұлғалық байланыс қатарын жасаған. Жақындық сипатының туынды мазмұнындағы орны ерекше бола отырып, өзінен кейін келген жолдарды мағыналық және құрылымдық жетекке алып тұр.

Шалкиіз жырау:

*Арық хан!
Менің ием Темір іс етсе,
Айналаңды берік етер... [3; 76].*

Жиембет жырау:

*Әмірің қатты, Есім хан,
Бүлік салып бұйырдың,
Басын бер деп батырдың...
Еңсегей бойлы, ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім
Ес білгенден, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін... [3; 98].*

Марғасқа жырау:

*Ей, Қатағанның ханы Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп
Жер тәңірісіп жатырсың... [3; 103].*

Асан Қайғы:

*Ай, хан, айтпасам білмеймісің,
Айтқаныма көнбейсің...
Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма... [3; 60].*

Әр жырау өз заманының сырын шертеді. Сонымен байланысты сол кезеңнің тыныс-тіршілігі көрініс табады. Шалкиіз жырау Арық ханды, Жиембет жырау Есім ханды, Марғасқа жырау Тұрсын ханды, Асан Қайғы Жәнібек ханды жырларына қосқандықтан, ол хандардың аттары сол шығармалардың ішінде кездесіп жатады. Бұл берілген толғаулардың барлығы да арнау түріндегі үлгіге жатады. Сондықтан олардың құрылысында мазмұнына сәйкес қаратпалардың қатыстырылуы — заңды жайт.

Толғаулардың ішінен Абылай ханға арналғандары жиі кездеседі. Ондай мәтіндерде Абылай атымен келетін қаратпалар мол қолданылады. Ол қаратпалар арқылы белгілі бір бөлікке екпін түседі, ырғақ қалыптасады, ұйқас қатары жасалады. Бұған төменде келтіретін жолдар дәлел бола алады.

Үмбетей жырау:

*Ей, Абылай, Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай,
Бұл қалайдан сескеніп,
Сөзімді қойма тыңдамай [3; 132].*

Бұқар жырау:

*Ал тілімді алмасаң,
Ей, Абылай, Абылай!... [4; 20].*

*Ей, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан... [4; 21].*

*Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң не етеді? [4; 21].*

Бұл қаратпа сөздер өздері қатыстырылған жолдардың басында тұрып ой-пікір мегзелген тұлғаға қаратылады. Бұқар жыраудың келесі толғауынан берілген үзінді жолдарында қаратпа сөз ырғақ талабын өтеуге басымырақ келетіндей:

*Ақиық бүркіт төмендер,
Екі қанат талғанда.
Сөге көрме, Абылай,
Мен пақырда сын бар ма? [4; 35].*

Егер ханның аты мәтін басындағы бірінші тармақта келсе, көбіне қайталанып келеді. Толғаудың басында келген қаратпалар стильдік жүкті де атқарады.

Бұл жолдардағы қаратпалар жалқы есімдерден болып тұр. Белгілі бір тұлғаның аттары кездесетін толғауларда жалқы есім қаратпалар осындай сипатта кездесті.

Ал көп толғаулар қаратпалары *хан* сөзінің тәуелденген түрімен келіп отырады. Сондықтан жалпы есімді қаратпалар да қолданылатын жерлер жиі кездеседі.

Жиёмбет жырау:

*Алдыңа келген мен бір жас, —
Кессеңіз, ханым, міне бас! [3; 97].*

*Ағбытпа, ханым, күннен соң,
Сіздің естен кеткенмен
Біздің естен кеткен жоқ... [3; 100].*

*Қайырылып хайыр қылуға
Қылғаның жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұныңа, ханым, шыдаман! [3; 100].*

*Ат сауырсын берермін,
Алыста дәурен сүрермін,
Қарамасаң, ханым, қарама
Сенсіз де күнімді көрермін! [3; 100].*

Бұқар жырау:

*Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті, Бөгембай [4; 28].*

Мына толғауларда тәуелдік жалғауының бірінші жақ қосымшасы *ие* сөзіне жалғанып, қаратыла айтылған. Ал олардың алдынан *хан*, *сұлтан* сөздері келіп отырады. Бұлардың мәтіндегі орындары әр түрлі. Тармақ басында да, ортасында да, аяғында да келеді. Мұндай орындарына қарап, олардың өздері қатыстырылған шығарманың ырғақ қатарын жасап тұратынын байқаймыз.

Жиёмбет жырау:

*Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісің жол емес,
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес... [3; 98].*

Бұқар жырау:
*Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.
Арманың бар ма, хан ием,
Мәртебелі төбеге,
Жауыңды алып жайладың... [4; 35].*

Шалкиіз жырау:

*Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсың!.. [3; 77].*

*Жүк тиесең кетерсің,
Нием етсең жетерсің,
Жетсең тауап етерсің, —
Етектеп жиган көп халқың,
Сұлтан ием, кімге асмар етерсің [3; 81].*

*Тебірде жұрттың не ісі бар,
Тепкісідің сеніменен не ісі бар,
Сұлтан ием, жұрт иесі өзіңсің! [3; 82].*

Ел қорғаны батырлардың есімімен келген қаратпалы толғаулар да кездеседі. Көбіне толғау жолдары батырлардың атымен келіп отырады. Одан соңғы жолдардың бірыңғай мазмұны алдыңғы қаратпаның иесінің әрекеті болады да, қатар келген сөйлемдердің байланысы осы арқылы қазықтала түседі. Нәтижесінде сол мәтіннің тұтас құрылымы мағыналық жағынан жымдасып тұрады.

Ақтамберді жырау:

*Уа, Қарт Бөгембай,
Құяр жауын аспаннан
Қара бұлт торласа... [3; 116].*

Бұқар жырау:

*Сен, Қанжығалы Бөгембай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қашан жауға тіредің? [4; 20].*

Үмбетей жырау:

*Ей, Ақтамберді, Қабанбай!
Суытпа босқа түсінді,
Қайрама онша тісіңді... [3; 130].*

Бірінші және екінші толғау бойында Бөгенбай батырдың, соңғы толғау құрамында Қабанбай батырдың аттары әр тармақтың басында келіп отырады.

Толғаулардағы қаратпа сөздердің қолданылуын жыраулар поэзиясының кейбірі арнау түрінде келетіні айқындайды. Бұл жырау мен хан, жырау мен батыр, жырау мен табиғат ара қатынасымен айқындалатын арнау деп айтуға болады.

Өлеңді шығарманың бір ерекшелігі онда арнау тек жанды заттарға ғана емес, жансыз дүниелерге, нақты айтсақ, табиғат құбылыстарына да бағытталатынын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Мұндай жолдар толғауларда да бар. Мұның мәнін толғаулардың философиялық сарында келетінімен байланыстырамыз. Ал мұндай жағдайда жалпы кеңістіктегі кез келген дүние сөз бола алады. Бұл сипатты қаратпа түріне байланысты М.Серғалиев: «Енді бір ретте қаратпа қызметіндегі сөздің адам емес, абстрактылы ұғым (мәселен, сөз патшасы) атқаруы тосын құбылыс болмаса керек» [2; 259], — дейді.

Айналадағы қоршаған заттар мен құбылысқа негізделген қаратпалар мына толғаулар жолдарынан кездесті.

Доспанбет жырау:

*Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда.
Еңсесі биік боз орда,
Еңеке кірер күн қайда,
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда... [3; 70].*

Мұндағы қаратпаның өзінен автордың сағыну күйін байқай аламыз. Ақтамберді жыраудың толғауындағы қаратпа ризалық, қанағат сезімінің көрсеткіші бола алады:

*Ел аман болсын ылайым,
Тілегін берді бәрін де
Разымын, құдайым! [3; 121].*

Үмбетей жыраудағы қаратпа тілек-өтініш сипатын нақтылай түседі:

*Сондай ерлер көп тусын,
Деп тілей бер, а құдай!... [3; 136].*

Ал Ақтамберді мен Бұқар жыраулар толғаулары жолдарындағы қаратпалар өкініш мәнін көрсетуге негізделген:

*Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін,
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін... [3; 106].*

*Әй, заман-ай, заман-ай,
Түсті мына тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай... [4; 31].*

Бұл толғаулардан жансызды жанды етіп бейнелеген амалды да байқауға болады.

Қаратпа сөз болған соң, ондағы одағай сөз бен анықтауыш мүшелердің де маңызын айта кеткен жөн секілді. Себебі аталған тілдік элементтер қаратпа сөздерді мағыналық әрі құрылымдық жағынан толықтырып тұрады. Ең алдымен, одағаймен келген қаратпаларды көрсетеміз. Қаратпа сөздердің *ей, ай* одағай түрімен келіп басталатындары мына арнаулар жолдарындағы сөйлемдер ішінде кездеседі.

Үмбетай жырау:

*Ей, Абылай, Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай [3; 19].*

Бұқар жырау:

*Ал тілімді алмасаң,
Ей, Абылай, Абылай [4; 20].*

*Әй, Абылай, сен он бір жасыңда
Әншейін-ақ ұл едің... [4; 35].*

Бұл қаратпа сөздер жырау мен оның сөзі бағытталған тұлға арасындағы кеңістіктік жақындықтан, ойға үлкен серпіліс берумен байланысты қолданылған деп көрсетеміз. Оның үстіне, өлшем заңын да назардан тыс қалдыра алмаймыз. Ғалым Қ.Жұбанов мұндай ерекшелікке: «Қазақтың халық әдебиеті де сахна әдебиеті болатын, көпшіліктің тыңдауына бейімделген шығарма болатындықтан, тыңдалатын шығарма мағынаның артық қоюлығын көтермейді. Олай болса, тыңдаушының миын шаршатады. Сондықтан халық шығармасында шығарманың тақырыбына қатысты сөздердің аралығына тыңдаушының миына гимнастика болғандай «басы артық» сөздер енгізілетін. Мұндай қыстырма сөздер шығарушының шеберлігіне қарай, бірде тақырыптан өте алыс кетіп, тек ұйқасым үшін тұрады да, бірде алыстан орағытып келіп, тақырыптың бір жерінен жанасатын», — деп сипаттама береді [8].

Енді бір толғауларда адам есімдерімен келген қаратпалардың алдынан оларды сипаттап тұратын анықтауыш мүшелер келеді. Автор қандай тұлғаны алса да, көбіне оларға қатысты сыртқы суретін де беруді жөн көріп отырған. Бұлардың тармақ бойындағы өзінше танылатын тұсы да осы. Бұндай тіркес бір тармақ көлемін түгел алып жатады.

Жиёмбет жырау:

***Еңсегей бойлы ер Есім,**
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім... [3; 98].*

Ақтамберді жырау:

***Уа, қарт Бөгембай!**
Құяр жауын аспаннан
Қара бұлт торласа... [3; 116].*

Бұқар жырау:

***Қазақтың ханы Абылай,**
Ақиықаты аспанға
Ұипастай ғып торлады... [4; 28].*

Бұл толғаулардың ішіндегі адам аттарының алдынан келген анықтауыш мүшелер көбіне сол адамның сыртқы тұлғасына байланысты сипаттарды береді. *Еңсегей бойлы ер Есім* деп оның дене

тұрғысын, батырлық мінезін берсе, *қарт Бөгенбайдың* үлкендігіне, беделіне маңыз береді. Ал Бұқардан келтірген мысалдағы анықтауышта Абылайдың ел арасындағы орны айтылады.

Қаратпалардың негізгі міндеті — тыңдаушының назарын аударту. Сол арқылы белгілі бір аралық байланыс туады. Бірақ поэзияда олар бұл функциясын тікелей атқармайды. Онда автор мен тыңдаушы арасындағы тікелей коммуникативтік байланыс болуы шарт емес. Мұнда аталмыш мүдде болмаса да сол шығарманың белгілі бір мәтінқұрылымдық міндеттерін атқарып тұрады. Осы сипатты қаратпалар толғаулар мәтіндерінде біраз шамада кездеседі. Бұған себеп — ол шығармалардың мазмұны мен тақырыбы. Жыраулар шығармаларынан кездескен қаратпалардың негізін толғаулардың тақырыптары айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Алматы, 2002. — 10-б.
- 2 *Серғалиев М.* Стилистика негіздері: Оқулық. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. — 273 б.
- 3 Алдаспан. (XV–XVII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы). — Алматы: Жазушы, 1971.
- 4 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. — Алматы: Мұраттас, 1992.
- 5 *Егіншібаева Н.Ә.* Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар: Филол. ғыл. канд. ...дис. — Алматы, 1997. — 40-б.
- 6 *Ковтунова И.В.* Поэтический синтаксис. — М.: Наука, 1986. — 206 с.
- 7 *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы: XV–XIX ғғ. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 80-б.
- 8 *Жұбанов Қ.* Қазақ тіл білімі жөніндегі зерттеулер. — Алматы: Ғылым, 1966. — 298, 299-б.

А.С.Адилова, М.Ш.Кабанов

Слова-обращения в казахских толғау

В статье рассмотрены особенности употребления слов-обращений в поэзии казахских жырау. Авторами статьи они определены как арнау и дана классификация слов-обращений, встречающихся в виде имен ханов и других деятелей того времени. В текстах толғау проанализированы слова-обращения абстрактного значения и обозначающие окружающий мир.

A.S.Adilova, M.Sh.Kabanov

Words appeal to the Kazakh tolgau

The article discusses the features of word-of references in the poetry of the Kazakh bard. The authors define them as arnau and classify word-treatment, occurring in the form of names of Khans and other figures of the time, by the use in the works of Kazakh akyns and bard. Analyze the word-handling abstract, represent the world in texts tolgau.

М.Қ.Жүнісова, Б.М.Рахимова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: zhunusovamk@mail.ru)

Әңгіме жанрының бастапқы және соңғы сөйлемдерінің авторлық баяндаумен берілуі

Мақалада әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдеріндегі авторлық баяндауда нақ осы шақ формасы жиірек және сөйлемге экспрессивті реңк бере қолданылатындығы айтылды. Етістік баяндауыштардың сөйлемді шартты түрде аяқтап, мағыналық жағынан әлі айтары бар болып түзілуі әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдерінде жиі кездесетіні дәлелденді. Соңғы сөйлемдердегі баяндауыштар әңгіменің соңғы шегінің мазмұнына сай, белгілі бір стильдік мағынада қолданылса, ал бастапқы сөйлемдерде табиғат құбылысын суреттеуге арналатындығы қарастырылды.

Кілт сөздер: әңгіме жанры, бастапқы сөйлем, соңғы сөйлем, авторлық баяндау.

Әңгіме жанрының бастапқы, не соңғы сөйлемдердерінде авторлық баяндаумен берілетін табиғат құбылысына қатысты баяндау-сипаттаулар әңгіме мазмұнына өзек болып қана қоймай, шығарманың әсерлі басталып, әсерлі аяқталуына ықпал етеді.

Әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдеріндегі үшінші жақтық авторлық баяндауда нақ осы шақ формасы жиірек және сөйлемге экспрессивті реңк бере қолданылады: 1. *Той дүрілдеп жүріп жатыр* (К.Жүнісегі. Жетімнің оралуы). 2. *Операция сәтті жүріп жатыр* (С.Ғаббасов. Алғашқы махаббат).

Бұлардағы етістік-баяндауыштарды *дүрілдеп, сәтті* сөздері бейнелеуіш амал ретінде пысықтап, оқырманға іштей «Бәрекелді!» дегізіп, оның көңілінде үлкен ризашылық туғызғандай әсерлі ретте тұр.

Сондай-ақ *тұр* қалып етістігінің әңгімені аяқтаушы соңғы сөйлемдерде де жиі қолданылып, оқырманға әңгіменің финалын әсерлі жеткізуде де елеулі қызмет атқарады: 1. *Ал дәл ауыл үстінен өткен жоғары вольтты бағаналар телефон сымындай емес, үілдеген мұңлы үн де шығармай, серейіп тұр* (О.Бөкей. 200 грамм энергия). 2. *«Шіркін!» Жүрек әлдеқайда алып-ұшып елеуреп-ақ тұр* (Т.Нұрмағамбетов. Қайықшы). 3. *Ернияз жарты жолда шолақ жеңі бұлғалақтап, жападан-жалғыз көзі жасаурап селтиіп тұр* (М.Қаназов. Ескі қыстау). 4. *Құлашаның шоты адалбақанда әлі ілулі тұр* (О.Бөкей. Құлашаның шоты еді).

Келтірілген бастапқы сөйлемдердегі осы шақтағы іс-қимылды білдіріп, негізгі етістікпен тіркесіп келген *тұр* етістігінің оқырман көз алдына бейнеленген жай-күй, іс-әрекет, құбылыстарды қазір болып жатқандай елестетін әсерлі сипатқа ие. Демек, Бағаналардың серейіп тұрғаны; Ерекең қарттың жүрегінің алып-ұшып елеуреп-ақ тұрғаны; Ернияздың селтиіп тұрғаны әңгіменің соңғы шеніндегі авторлық баяндауды ашымды етіп, нақтылай түседі.

Ғалым Г.Әзімжанова жедел өткен шақ тұлғасының -ды қосымшасымен келген түрінің қолданыс аясының кең екеніне көңіл аудартады [1]. Мысалдарды көрейік: 1. *Қоңыржай, жұмсақ көктемнің жазға ауысар уағы-ды* (К.Ахметбеков. Жасаулы жасыл дүние). 2. *Хасекеңнің ит жүгіртіп, құс салып, мылтық атып жүргенде айтатын шынға бергісіз өтірігі ел арасына кең тараған-ды* (Ғ.Оралбаев. Хасекеңнің әңгімесі). 3. *Әңгіме қымыздан басталып кеткен-ді* (Ғ.Сланов. Жылқышы). 4. *Серкеш, таңсәріден түрегеп бір сағаттай жүгіріп, жаңа ғана ішке кірген-ді* (Е.Әкімқұлов. Кішкентай тарақан).

Алғашқы мысалдан басқасында -ды қосымшасы есімшелі етістік арқылы берілген. Бірінші бастапқы сөйлемде -ды қосымшасы сөйлемге модальдылық сипат беріп тұрса, екінші мысалда басты кейіпкердің іс-әрекетін бірыңғай мүшелермен (*ит жүгіртіп, құс салып, мылтық атып жүргенде*) тізбектей беріп, оның шынға бергісіз өтірігінің кеңінен жайылғанын білдірсе, үшінші мысалда әңгіменің бір нәрсе жайынан тез басталып кеткенін, соңғы мысалда кейіпкердің бір істен екінші іске ауысуын білдіріп сөйлемдерге ерекше стильдік әр беріп тұр. Ғалымдар Р.Әмір, Ж.Әмірова: «Жедел өткен шақ етістіктен жасалған баяндауышты стильдік ая таңдамай еркін жұмсалатын негізгі форма деп есептейміз», — деп атап көрсетеді [2; 122].

Бастапқы сөйлемдердің синтаксистік-стилистикалық құрылымына стильдік реңк беруде -тын, -тін, -ті қосымшалары да жұмсалады: 1. *Совхоздың бас бухгалтері баласын үйлендіріп, кешелі-бері бұл ауыл той дүрмегімен қапылуда-тын* (Б.Шаханов. Сырнай сазы). 2. *Тұс мезгілі-тін*

(С.Асылбеков. Әке). 3. *Жансейіт пен Бексейіт аттары ұйқас жандар болғанымен, бір селонның жерін жерлеп, суын сулағанымен, жас мөлшерлері де жиырма бестен не әртін, не бертін түйсетіндей межелес келгенімен, ара-тұра «сәлем» деп қолдарын әуелете селтеңдетіскендері болмаса, ет-бауыр жақын, етене таныс емес-ті* (Е.Қонарбаев. Көршілер).

Сөйлем мағынасы бұл қосымшаларсыз бұлдыр, әрсіз қабылданатын сияқты, ал *-тын, -тін, -ті* қосымшалары бастапқы сөйлемдердің семантикасына бір өзгеше үн қосып тұрғандай қабылданады. Автор бұларды болып жатқан оқиғаларға, баяндауларға модальдық мағына үстейтін стильдік әдіс ретінде пайдаланған. Ғалымдар Р.Әмір, Ж.Әмірова *-ған, -ген* тұлғалы баяндауыштар туралы: «*-ған, -ген* тұлғалы баяндауыштардың қызмет ерекшелігі — есімшеден жасалуына байланысты. Есімше іс-қимылды статикалық қалыпта, субъектіге тән қалып, сапа тұрғысынан атайды», — деп тұжырымдайды [2; 122]. Ғалым Ж.А. Жақыпов *-ған/ген, -қан/кен* қосымшалары туралы: «*-ған/ген, -қан/кен* тұлғалы есімшенің өткен шақтық мағынада қолданылатыны белгілі. Ал контексте мұның осы шаққа айналуында теориялық заңдылықтар бар. Ол заңдылықтар функционалды-коммуникативтік тұрғыдан түсінікті бола алады. Шақ категориясы грамматикада екі деңгейде қолданылады: 1. Морфологиялық шақ. 2. Синтаксистік шақ. Морфологиялық шақ етістіктің формасына ғана сүйенеді, контекст ықпалы шарт емес, ал синтаксистік шақта контекст басты шарт болып есептеледі», — [3] деп тұжырымдайды. Әрине, ғалымның шақ категориясын грамматикалық тұрғыдан осылай жіктеп қарауын соны да орынды айтылған пікір деп қабылдаймыз.

1. *Тұқат ояғанда, сағат тілі тоғызды көрсетіп тұрған* (Ө.Кәріпов. Мейрам сөзі). 2. *Бір бөлмеде тұратын төрт жігіттің үшеуі той жабдығымен ертелеу кетіп қалған* (Т.Нұрмағамбетов. Таңғы жауын). 3. *Алматының тымырсық түні маужырай толықсып, артынан тысырлап жаңбыр жауған* (Г.Сәрсенова. Тағдыр үкімі).

Бастапқы сөйлемдердегі есімшелі баяндауыштар статикалық қалыптағы жай-күйді оқырмандарына таныстырудан бастайды. Автор баяндауындағы бастапқы сөйлемдерде шиеленіскен оқиға жоқ. Ал мына мысалдардағы бастапқы сөйлемдерінің есімше баяндауыштары өзінен кейін болатын оқиғаға жол сілтейді: 1. *Жолаушылар поезы екпіндей кеп, бүйірін соға тоқтаған бетте-ақ, Жуатәлі де таласа-тармаса ішке енген* (М.Сқақбаев. Қайыркеш). 2. *Оқып жүрген кезіндегі жазғы практикада Гурьевте болғанда, Ақтай сондағы балық комбинатында Гүлжәміш деген қызбен танысқан* (Б.Аманшин. Адасқан хат). Басты кейіпкердің басынан өтетін жағдай әрі қарай *ішке енгеннен* кейін басталатынын сөйлем семантикасынан, есімшелі баяндауышқа аяқталған сөйлем мазмұнынан түсінеміз. Екінші мысалда, бірінші мысалдағыдай, есімшелі баяндауыш сөйлемді тек шартты түрде аяқтағанымен, сөйлемде әлі айтылмаған ойдың ұшығы жатыр. Оқырмандарын жалықтыратын бірсарындылықпен бастамай авторлар өзіндік стильдік әдісті тиімді пайдаланған. «Есімшенің *-ған* жұрнақты өткен шақ формасынан жасалған баяндауыштар оқиғаның болып өткендігін ғана емес, қазіргі уақытқа да жалғасты, сабақты болатынын да аңғартады» [4].

Өткен шақ мәнмәгінде осы шақ қызметінде жұмсала алады: 1. *Әркім өзінің үйленгенін айтып жатты* (Б.Соқпақбаев. Мен қалай үйлендім). 2. *Аудандық партия комитетінің бірінші секретары асығыс жиналып жатты* (Н.Қапалбеков. Қара жол). 3. *Кезінде ұзақ жыл облыс басқарған, министр тағына да отырып көрген Аймағамбет Есқараев пенсияға шыққан соң, Алматының тау жақ бөктеріне саяжай-коттедж салдырып, өзінің ең соңғы зейнетті өмірін өткізіп жатты* (Қ.Жұмаділов. Дөңгеленген дүние-ай) деген бастапқы сөйлемдердің етістік-баяндауыштары жедел өткен шақ (*-ты*) тұлғасында (негізгі етістікпен тіркестіре) берілсе де, олар осы шақтағы оқиғаны білдіріп тұр. Бұлардан оқырман автор баяндап отырған оқиғаны, жағдайды анық көріп отырғандай сезімде болады. Бұл етістік информемалардың өздерінен кейін айтары мол: әңгіме желісі осыларға жалғаспақ.

Етістік баяндауыштардың сөйлемді шартты түрде аяқтап, мағыналық жағынан әлі айтары бар болып түзілуі әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдерінде жиі кездеседі. Өзінен кейін айтары бар бұл құбылыс әңгіменің соңғы шеніндегі аяқтаушы бірліктердің соңғы сөйлеміне де тән құбылыс екені байқалды. Демек, автор әңгімесін аяқтаса да, соңғы сөйлем мазмұны жағынан да, етістік баяндауыштарының грамматикалық мағынасына қарай да айтылатын ойдың әлі де жалғасы барын байқатып тұрады. Әңгіме автор үшін тәмамдалады да, оқырман үшін ол (көркем шығарма) толығымен аяқталмағандай ыңғай танытады. Мұндайда әңгіме финалын оқырман кейде өз топшылауы, өзіндік дүниетанымы, өмірден түйгендері т.б. бойынша қорытуы да мүмкін.

1. *Ақпанның сақылдаған сары аязында ақын жігіт аңыратып көктем туралы жыр оқып келе жатты* (Т.Нұрмағамбетов. Бұлақ). 2. *Ой мен қырды елер емес, әкесінің қиялы жетіп, қолы тимеген*

сүбелі тыңға тартып барады (Ж.Кейкин. Мұрагер). 3. Осы күйдің бәрін сезіп ішіне бүккендей «Қазотының» кең жазығы тым бұйығы қарауытып, тылсым мүлгиді. Ал «Абайкөк» әлі айтылып келе жатқан (Б.Шаханұлы. Аяштың Абайкөгі). 4. Қараңдаған екеу ақырындап клубтың сыртына қарай жүре бастады (С.Мұратбеков. Жанболат).

Авторлар әңгімелерінің шешімін ашық қалдырған, демек оқиғаға қатысты нақты нәтиже айтылмай, оқырманның өз қалауы бойынша топшылауына мүмкіндік берілген. Мәселен, сыншы Б.Майтанов «Психологизм — прозадағы жаңашыл арна» деген ғылыми мақаласында соңғы мысалымыз С.Мұратбековтың «Жанболат» әңгімесінің: «Клубта ағасы мен жеңгесіне бос орын тауып отырғызған Жанболат өзі ептеп сытылып сыртқа шығып кетті. Кешікпей «Жәмила!» — деген даусы естілді оның. «Мен мұндамын!», — деді қыз. Қараңдаған екеу ақырындап клубтың сыртына қарай жүре бастады» деген соңғы жолдарын (абзацын) келтіріп: «Шығарма осымен бітсе де, баяндаушының жас серігіне арнар таза ықыласы, ақ пейілі үзілмей жалғаса беретіндей», — деп жазады [5]. Осы тәрізді жыр оқып келе жатты, сүбелі тыңға тартып барады, «Абайкөк» әлі айтылып келе жатқан тіркесімдері де оқырманға жанды сурет келбетін көрсетіп қана қоймай, оқиғаның әрі қарай әлі де жалғасы барын және оның қалай аяқталуға тиіс екенін аңғартады. Соңғы сөйлемдердегі етістік-баяндауышқа байланысты айта кететін тағы бір жайт — баяндауыштар есімшенің келер шақ жасайтын *-ар*, *-ер* жұрнағын, көсемшенің ауыспалы осы шақ жасайтын *-е* қосымшасында тұрып, «болашақтан үміт күтеді». Соңғы сөйлем әңгімені қорытып, тұжырымдамай, кейіпкердің мақсат-тілегінің қалай орындалатынын болжауды оқырман еншісіне қалдырады. Ғалымдардың «істің болашақта болу, болмауы кесіп айтылмай, болжау, шамалау мәні *-ар* тұлғалы есімшелермен беріледі», — деуі де сондықтан [6; 163].

Мысалдар:

Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер,*

*Берсеңдер, бер молдаға!
Өзіңді, бірақ алдама!
Ақшаға жұмақ жалдама!*

4. Мына өлең жолдары қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің бәрін көріп толғанған ақынның ойлы тұжырымын білдіреді:

*Ұлғайып қайғы,
Уытын жайды,
Айтпасыма болмады.
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Көкті бұлт торлады.
Жаңбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұтайтын түрі бар.*

5. Мына өлең жолдары — озбырлық, үстемдік ету үшін жүргізіліп отырған саясаттың нәтижесін баяндайды:

*Ұйқышыл жұртты,
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін,
Оятқызбай қорып тұр.
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың!*

6. Мына өлең жолдары — ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтар сөзіне құлақ қоюдың аздығына күйінуден туған:

*Оянған ерге
Ұмтылған жерде,
Еруші аз да, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең?
Қыс ішінде бірер қаз,
Келгенімен, қайда жаз.*

7. Мына өлең жолдары — өзінен-өзі мәтелге сұранып тұрған түзілімдер:

*Қиыннан қиып,
Қиырдан жиып.*

Немесе:

*Ашынса етің,
Ашылмақ бетің.*

Немесе:

*Иланбасам айтпаймын,
Иманымнан қайтпаймын.*

8. Мына бір астарлы екі жол нақыл кітабына немесе мақал-мәтел жинағына әбден қосуға татитындығы даусыз:

*Бір күн тойса есектер,
Ми жоқ алдын есептер.*

Шынында, «есектер» деген атаудың астарында есірек пенденің қаншасы жүр?!

Сонымен, Ахмет өз туындысында сөз ұғар, көңіл көзі сергек қауым алдына нелер келеңсіз көріністер сырын ашқан. Ақын жырын былай аяқтаған:

*Қазағым — елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның,
Аш көзіңді оянып.*

*Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың.*

Бұл сөздерді патша цензурасы кезінде жарыққа жібермей тастаған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Имаханбетова Р.* Ахаң және аударма мәселесі // Жұлдыз. — 2006. — № 11, 12. — 179–181-б.
- 2 *Байтұрсынұлы А.* Жан сөзімді кім түсінер? — Алматы: Қазақстан (А.Байтұрсынұлы атындағы қор), 1994. — 112-б.
- 3 *Әбдіманов Ө.* Азаттықты ту көтерген туынды // Жұлдыз. — 1993. — № 7. — 194-б.
- 4 *Байтұрсынов А.* Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 320 б.
- 5 *Сәтбаева Ш.* Ахмет Байтұрсынов (1873–1937) / XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 144-б.
- 6 *Әбдірахманов С.* Жадовскаядан // Егемен Қазақстан. — 2011. — 3 маус. — 5-б.
- 7 *Мәметқазыұлы Қ.* Ұлтымыздың ұлы ұстаздары // Қазақ. — 2010. — № 38, 39 (499–500). — 17–24 қырк. — 4-б.
- 8 *Рысбай К.* Қазақстан Республикасының тарихы. — Алматы: «Жедел басып шығару баспаханасы» ЖШС, 2005. — 151-б.
- 9 *Әбдіманұлы Ө.* Ұлттың рухани көсемі // Ақиқат. — 2006. — № 5. — 23-б.
- 10 *Ахмедов Ф.* Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: Жалын, 1996. — 34-б.
- 11 *Сәрсекеев Қ.* Ұлт ұстазы, немесе Алаштың Ахметі (Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін) // Жұлдыз. — 2003. — № 12. — 104-б.
- 12 *Иманханбетова Р.* Ахмет Байтұрсынұлының еленбей келген еңбектері // Қазақ әдебиеті. — 2007. — № 32 (3036). — 10 тамыз. — 6-б.
- 13 *Имаханбетова Р.* Ахаңның тың туындылары һәм оның бүркеншік аты хақында // Ақиқат. — 2008. — № 11. — 230-б.

Р.С.Каренов

А.Байтұрсынов — мастер поэтического слова и переводческого дела

В статье показана роль Ахмета Байтұрсынова как непревзойденного мастера перевода. В книге «Қырық мысал» дан авторский перевод на родной язык басен великого русского баснописца И.А.Крылова. Кроме того, А.Байтұрсынов открыл для казахских читателей малоизвестные стихи русских поэтов С.Я.Надсона и Ю.В.Жадовской. В творчестве, как в переводной литературе, так и в своих произведениях, А.Байтұрсынов бичевал несправедливость, жестокость, тупость и другие человеческие пороки. Как поэт А.Байтұрсынов воспевал идеи торжества свободы и справедливости.

R.S.Karenov

A.Baytursynov — the master of the poetic word and the translation business

It is stated that Ahmet Baitursynov was a past master of the translation business. It is noted that the first thing he translated into the native language of most of the fables of the great Russian writer Ivan Krylov and published them in the book «Қырық сап» («Forty fables»). It is proved that in his work Baitursynov ridiculed and castigated the injustice, cruelty, greed, greed, stupidity, and other human vices of many of his contemporaries. Describes how masterfully he turned a little-known Russian poetry and poets S.Ya.Nadsona Yu.V.Zhadovskoy. Highlights the remarkable poetry A.Baitursynov, which was riddled with ideas triumph of freedom and justice, the fight against autocracy, the construction of a new democratic society.

Ж.А.Рүстемова, Қ.М.Шәкірова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: rustemova66@mail.ru)***Көркем шығармадағы «мінез» бен «жағдай» мәселесі**

Мақалада көркем шығармадағы «мінез» бен «жағдай» ұғымдарының мәні мен қызметі және олардың өзара ара қатынасы қарастырылды. «Мінез» бен «жағдайдың» өнерде бейнеленуі зерделеніп, олардың тұтас жүйе екендігі аталып көрсетілді. «Жағдайдың» көркемдік-эстетикалық ерекшелігі толық айқындала қоймаған әдеби категория ретіндегі сипаты анықталып, мағыналық ара-жігін ажыратуға қатысты пайымдаулар жасалды. «Мінездің» «жағдайды» өзгертетін ықпалы және «мінез» бен «жағдай» байланысы көркем шығармадағы шындықты танудың, игерудің нәтижесі ретінде көрсетілді.

Кілт сөздер: көркем шығарма, мінез, жағдай, мінез мәселесі, ұлттық әдебиет, тартыс, ұлттық проза, драматургия жанры, драматизм табиғаты.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында мінез мәселесі объективті өмірдегі әр түрлі жағдайлардың адам өміріне жасаған моральдік, рухани қысымына деген қарсылығымен де көрінген. Бұл көзқарас біршама еңбектерде арнайы зерттеу нысанына алынған. Бірақ мінез бен жағдайдың арасындағы байланыс әлі күнге дейін арнайы қарастырылмаған. Ішінара атап айтқанда, ұлттық әдебиетімізде М.Әуезов, Н.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, А.Нағыметов, Ш.Елеукенов, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Е.Адаева т.б. сияқты ғалымдар, ал орыс әдебиеттану ғылымында Л.И.Тимофеев, А.Н.Иезуитов, Д.Тамарченко, Е.Хализов, В.Петров, Д.Крамарска, Л.Лавров, Ю.Борев сияқты ғалымдар көркем шығарманың концепциясы тұтас алғанда «характер мен жағдайдың» байланысына қатысты екендігін атап көрсеткен. Бір назар аударатын мәселе — әр түрлі әдеби-эстетикалық бағыттардың өкілдері мінез бен жағдайдың өнерде бейнеленуін зерттей келе, олардың жеке-жеке ұғым емес, тұтас жүйе екендігін атап көрсетуі.

«Жағдай» — сөз өнері ғылымында көп ретте көркемдік-эстетикалық ерекшелігі толық айқындала қоймаған әдеби категория. Табиғаты күрделі, қызметі сан қырлы ұғым. Көбіне жағдайды нақты қоғамдық ортамен ғана байланыстыру басым, оның көркем шығармадағы өзіне тән спецификасы идея, тартыс, орта сияқты негіздерге байланысты. «Жағдай» ұғымы көркем шығармада автордың сол қоғамдық ортаның талап-тілегі бойынша қалыптасатын болғандықтан, сол қоғамдық-әлеуметтік кезеңге тән қасиеттерді өз бойына жинақтауы тиіс. Бірақ бұл көзқарас көркем шығарманың тұтас болмысын аша алмайды. Сондықтан қоғамдық жағдайды сөз еткенде алдымен оның көркем шығармадағы көркемдік-эстетикалық ерекшелігін ескеру әдебиеттану ғылымы үшін ең маңызды көрсеткіш болғаны тиімді.

Қазақ көркем прозасы өз даму тарихында күрделі өзгерістерді басынан кешіргені белгілі. Қоғамдық жағдайлардың жиі ауысып отыруы ұлттық әдебиетіміздің сапалық өлшемдерінің тұрақсыздануымен, әр түрлі күштердің үнемі әсер етіп отырғандығымен де байланысты. Өткен ғасыр көркем прозасы өзінің астарына «мәңгілік тақырыптар» деп аталып жүрген (өмір, өлім, жақсылық, жамандық, жалғыздық, жатсыну) сияқты жағдай тудыратын ұғымдарды түмшаламай, олардың адамға қаншалықты қайшылықты әсер ететінін де таразылап берді. Сондықтан да мына өмірде, қоғамда, табиғатта үстемдік етуші тәртіп пе болмаса, хаос па дейтін мәңгілік сұраққа жауап іздеу әлі де жалғасуда. Өмірдегі кейбір мағынасы тұрақты ұғымдардың мысалы, жақсылықтың жамандыққа, дұрыстың бұрысқа айналып кетуі адамды тығырыққа тіреді. Кейде дәл осы тығырыққа тірелу қарама-қайшылықты өмірді танудың жаңа жағдайларын ұсынып отырды. Ол жағдайлардың өзі де сол идеологиялық жүйенің жасап беретін парыз, намыс, міндет, құндылық деген ұғымдарының желісіне байлаулы екенін айта кету керек. Осы негізде үнемі қарама-қайшылықтағы қоғамдық жағдайлардың көркем әдебиеттегі мінездің бейнеленуін көркемдік эстетикалық тұрғыдан зерттеу қызық әрі маңызды болуда. Прозалық туындылар әлем мен адамның арасындағы күрделі драмалық қақтығыстардың әр қилы жағдайлардағы көркемдік шешімін ұсынуда. Осы жайларды ескере отырып, көркем шығармадағы «жағдай» ұғымының мәні мен қызметінің қаншалықты ауқымды екенін бажайлауға болады.

Жағдай ұғымы өмірде соншалықты жиі қолданылатындықтан, оның мағыналық ара-жігін ажырату да күрделі болып отыр. Өйткені жағдай ұғымының астарына қоғамдық жағдай, әлеуметтік

жағдай, психологиялық жағдай, тұрмыстық, тарихи-философиялық жағдай деген ұғымдар біте қайнасып кеткен. Аталмыш ұғым туралы философиядағы «табиғат заңдарын білгеннен кейін адамдар өз іс-әрекетіне қолайлы жағдайлар жасап, қолайсыздарын жояды. Жағдай құбылыстар мен процестерге ықпал жасай отырып, өзі де солардың ықпалына ұшырайды. Мәселен, адамдардың материалдық және рухани өмірінің белгілі бір жағдайында пайда болған қандай да болмасын жағдайдың өзін одан әрі түбірімен өзгертеді» делінген пікірге назар аударуға болады.

Шығармада мінез бен жағдайдың ара қатынасын гармониялық түрде бейнелеу мәселесі күн тәртібіне бүгін ғана қойылып отырған жоқ. Өйткені көркем әдебиеттің негізгі нысанасы — адам өмірінің ақиқатын мүмкіндігінше толық, әсерлі етіп таныту. Осы орайда авторлардың ұнамды деген кейіпкердің басына барлық жақсылықты жиып беріп, кіршіксіз періште еткен кездері болған. Ал сынайтын адамына жамандық атаулыны төндіреді. Бұндай тәсілмен көркем туындының қадірі, әсері артпаса керек. Қайта бұл қаламгерлердің өмір байланыстарын терең зерттемей, үстірт жазғандарының айғағы деген пікір көркем шығармадағы жағдай ұғымының табиғатын жете меңгеру — мінездің жетілу процесін, өсу бағытын айқындайтынына мысал.

Көркем шығарма нақты бір ортадан тысқары тұрып жазылмайтындықтан, сол ортаға тән ерекшеліктер туынды идеясына сай мінездің бойына жинақталатыны жөнінде Н.Ғабдуллиннің «Уақыт сыры» атты еңбегінде «Адам мінездерін жағдай жасайды. Сондықтан көркем шығармада геройдың мінездерін беталды ойша қарастыруға болмайды. Автор адам мінездеріндегі кездейсоқ жайларды теріп немесе кейіпкердің сырт бітімін күлкілі етіп көрсетумен адам мінездерін жасай алмайды, бұл үшін өмір шындығына терең бойлап, белгілі бір әлеуметтік ортаға тән сипаттарды жинақтап, образ арқылы көрсету керек» [1] деген пікіріне назар аудару қажет сияқты. Сонымен қатар Р.Бердібай: «Көркем әдебиет қаһармандарының жасалу шарттылығы — аса күрделі теориялық мәселелердің бірі. Шығармада тұлғалардың толысып шығуын көптеген тәсіл-амалдар шешеді» деген пікір мінез жасау бір ғана жолмен шешілмейтінін ескертеді. Ғалымның мінез жасау үшін жазушыға қажетті теориялық білімнің бірі жағдайды жан-жақты таныту керектігі туралы тұжырымдары көңілге қонымды. Ол аталмыш еңбегінде «характердің жетілу процесін, өсу бағытын белгілейтін — жағдай» [2] деп орынды пікір айтқан.

«Қазақ романдарында осы жағдайға көп мән бермейтіндіктен, көркемдік талап орындалмайды. Оқырманды иландырмайтын, сендірмейтін туындылардың басты кемшілігі автордың жағдайды тани алмауынан, суреттеп бере алмағандығынан шығып жататына назар аудартады» [3]. Мінездің негізгі әлеуметтік әрекетіне түрткі болған жағдайды толық аша білу — көркем туындының негізгі шарты деген көзқарасты қолдау қажет. Жағдай көркем шығармада нақты бір сәт (ситуация) арқылы да көрінуі мүмкін. Н.Драгомирецкая бұл жөнінде: «Характер мен оның даму логикасын анықтайтын нақты тарихи сәт сол мінездің ашылуына қатысы бар жағдайды да анықтайды. Демек, мінез бен жағдай байланысы — көркем шығармадағы шындықты танудың, игерудің нәтижесі» [4], — дейді. Жағдай ұғымын түсіну үшін оның астарындағы мінездің ашылуына тікелей қатысты компоненттерді (тартыс, сәт, оқиға) білу шарт.

Көркем туындыда мінез бен жағдайдың тоғысар бір жері — тартыс. Жағдай мен мінездің түйісу тұсы қақтығыс, перипетия десек, тартыс үстінде мінез де, жағдай да дамидыны белгілі. Тартыс барысында оқырман да мінезді жан-жақты тани алады. Сонымен бірге сан қилы қақтығыс арқылы автор да адам болмысының мағыналық қабаттарын аша алады, оған қоса тартыс көркем мәтіндегі мінездерді топтау, даралау, жинақтау қызметін атқарады деп жүрген пікір орынды сияқты. Тартыс үстінде жағдайлар жиі өзгереді, перипетиялық іс-әрекет барысында адамның бұрын байқала бермеген қырларын көрсету үшін жазушылар жағдайдың сипатын ауыстырып отырады, яғни коллизия мен перипетияларды дамыту, оларды жаңаша құрастыру арқылы объективтік және субъективтік жағдайлардың тарихи-әлеуметтік астарына үңілу мүмкін болатынын білетін қаламгерлер аз болмаған, олардың жетістіктері де баршылық.

Тартыс шығармадағы бүкіл оқиға мен мінездің дамуын қозғалысқа келтіретін негізгі күш деп тану артық емес. Тартыс адамның сын сәтте көрінетін ішкі рухани-адамгершілік сапасын, бойындағы көмескі, кейде мән беріле бермейтін белгілерін жинастырып мінездің ашылуына септігін тигізетін қасиетке де ие. Осы орайда сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір пікірді келтіру орынды сияқты: «тартыс» (латынша *conflictus* — қақтығыс, айқас, кейде *colliso* — ала ауыздық, талас) — өмірдегі қайшылықтардың өнерде көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр түрлі көзқарастағы, идеядағы, сенімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі мақсат-мүддеге кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі [5].

Адамды қозғалысқа, алға ұмтылуға бастайтын идеяға тікелей қатысы бар жағдай мінезге өзінше талап қояды, өзі онда ерекше көрініс табады, сол арқылы кейіпкердің әлі ашыла қоймаған, жасырын сырларын ашуға көмектеседі. Көркем шығармада жағдай қаһарманның іс-әрекетінің себеп-салдарын ашу үшін ғана жасалмайды. Ол белгілі бір туындыда сөз болып отырған құбылыстардың объективтік заңдылықтарын да ашуға мүдделі. Реализмнің заңдылықтарын анықтауда «типтік жағдайдағы типтік мінез» ұғымын қалыптастырған Ф.Энгельс өзінің шығармалар жинағында: «Әдеби туынды көркемдік жетістіктің шыңына шығу үшін онда әрбір бейне — тип, сонымен қатар толыққанды қалыптасқан тұлға болуы шарт» [6], — дейді. Бұл жерде өнердегі жағдай ұғымының мәні сан қырлы, көп қабатты екендігіне ғана мән берілген. Сонымен қатар мінез бен жағдайдың арасындағы диалектикалық байланысты аша отырып, ойшылдың «мінез жағдайға, жағдай характерге бағынышты» деген ойына, пікіріне түсіністікпен қарау керек, өйткені тарихи болмысты біржақты мансұқтағаннан ешкім абырой тапқан емес.

Ұлттық әдебиеттің тарихи дамуынан көрініс беретін адамның рухани өмірдегі әр түрлі драмалық дағдарысқа ұшырап отырған өзгерістері әдеби үрдістегі өзгермелі жағдай ұғымының аясында талданғаны жөн. «Эстетикаға кіріспе» еңбегінде Ю.Боров: «Суреткердің шеберлігіне бағынбайтын, одан тәуелсіз адам характері мен жағдайдың болатындығы дау туғызбайтын жайт. Характер мен жағдайдың өнердегі байланысы өмірдегі шындықты танытудың нәтижесі» [7], — дейді.

Шығармадағы қаһарманның мінез-құлқын кеңінен көрсетуде жағдаймен қатар авторлық идеяның, тақырыптың, тартыстың, сюжеттің, сәттің (ситуация), коллизия, перипетия, драматизм сияқты ұғымдардың қызметі ерекше. Әдебиеттану ғылымында көркем туындыны талдау барысында бұл ұғымдардың қатынасы аралас-құралас зерттеліп жүргені белгілі. Негізгі себеп әр ұғымның мәнін, көркем шығармадағы эстетикалық табиғаты мен өзіндік орнын дұрыс тани, талдай білмеуден дер едік.

Көркем әдебиеттегі әр түрлі қоғамдық-әлеуметтік, қарама-қайшылықты жағдайлардың мәнін ашуда кейіпкерді өмір сүретін ортасымен бірге алып және сол жайды автордың өзінше түсініп, қабылдау шешімімен байланыстыра қарастыру — өнімді тәсіл. Өйткені жазушының көркем шығарма тудыру процесінде жағдайларға деген өзіндік қызығушылығы, сезімімен бірге алдын ала дайындаған өзіндік ұстанымы болатыны белгілі. Сондықтан өмірдегі күрделі жағдай арқылы өнерде бейнеленуі де өте күрделі процесс. Ол көркем шығармадағы тұлғаның таңдауында шындалумен оған автордың белсенді әсер етуімен байланысты. Өмірдегі қарама-қайшылықтың ашылуына эстетикалық күш-қуат беретіні белгілі. Ол жөнінде Х.Редеккер былай дейді: «Өмірдегі объективті шындықтың көркем туындыдағы эстетикалық бағытталуы — жазушылардың алдындағы күрделі мәселелердің бірі. Бұл мәселелерді зерттеуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді, негізгі факторларды жете меңгеру әдебиеттану ғылымының жаңа сапаға көтерілуі болар еді» [8].

Сол себепті жағдайдың өнердегі қалыптасуын анықтауда оған ықпал ететін әр түрлі объективті және субъективті факторлардың әсерін саралау өте маңызды. Тек сол объективті және субъективті факторлардың тоғысқан жерінде ғана өмірдегі тартыстың өнердегі эстетикалық құндылығы туады. «Қазіргі әдебиеттану ғылымында өнердегі тартысты эстетикалық категория ретінде бағалауға негіз бар ма?» деген сұрақ төңірегінде таластар жүріп жатыр. Кейбір ғалымдар: «Тартысты өз алдына жеке категория ретінде зерттеу артық нәрсе. Өйткені тартыс пен сюжет кейіпкердің характерін ашуда бір бірімен өте тығыз байланысты. Ол екеуін мінезден жеке қарастыру дұрыс емес» [9] деген пікір айтады. Бұған жақын пікірлер ұлттық әдебиеттануда да кездеседі. Осы арада «өнердегі өмірлік тартыс — көркем шығарманың идеялық мазмұнындағы үзілмес желі, көген арқау, керек десеніз, күллі өнер туындысына тіршілік беріп тұрған жұлын, жүйке. Олай болса, әдеби шығармадағы табиғи тартыс оның сюжеті мен композициясын өрбітер өзгеше құрал, қозғаушы күш екені өзінен-өзі түсінікті» [10; 83] деген пікірге мән беру дұрыс сияқты.

Сонымен қатар өмірдегі жағдай мен өнердегі тартыстың арасындағы алшақтық жөніндегі айтылған мына бір пікірлер назар аударарлық: «Өнердегі тартысты жағдай, біріншіден, адамтану мәселесіне негізделген. Сондықтан оның өмірлік-танымдық жағы көркем шығарма идеясына негізделген. Екіншіден, өмірлік тартыс белгілі бір адамдар тобы арасында ғана болса, ал өнердегі тартыс адамзаттың қаламгердің мықтылығы көркем туынды жазу кезінде өмірдегі тартыспен байланысы бар жағдайларды дәл тауып, көркемдік шешім ұсына білуінде» [10; 83].

Автордың алға қойған мақсаты кейде тәжірибе жасау алаңы сияқты. Ол өмірдегі жағдайды дәл сол күйінде қайталамай, жаңа көркемдік жағдай ұсынады. Сонымен қатар өмірдегі шындық әр кезде жазушының ұстанымымен сәйкес келе бермейтіні де бар ғой.

Тартыс табиғатын оның басталуы, аяқталуы, айырылуына қатысты айқындауда бірізділік бар, болмыстың өнердегі тартыс дәрежесіне жетілуі үшін әр түрлі авторлық өңдеуден өтетіндігі жөнінде айтылған мына пікірге де назар аудару орынды сияқты: «Көркем шығарманың драмалық сипаты бастау алу үшін өз кезегінде белгілі бір сатылардан өтеді. Қарапайым «айырмашылық» карама-қайшылыққа ауып, ол жағдай дәрежесіне көтеріледі. Жағдай белгілі бір сәт (ситуация) әсер еткенде айқындала түседі. Коллизия (ала ауыздық, талас) — белгілі бір нақты сәтте дамитын карама-қайшылықтың ашылу формасы. Ал драматизм болса, осы ұғымдардың барлығын біріктіріп көркемдік дәреже бере алатын негізгі күш [11; 41]. Өз кезегінде бұл ұғымдар драматизм табиғатын ашатын оның ең бір негізгі көріну түрлері ретінде айқындалады. Соңғы кездегі ғылыми-теориялық еңбектерден драматизмнің мағынасын «тәртіп параметрі» тұрғысынан бағалау көрініс беретінін байқауға болады. Драматизмді әдеби тектермен өзара байланыста қарастырып, олардың бір-біріне тигізер ықпалы, көркемдік ауыс-түйістері сөз етіліп, осы құбылыстың белсенді мүшесі драматизм ұғымының табиғаты жайында талқыланған ғылыми еңбектер де бар [11].

Мінез бен жағдайдың байланысу деңгейлерін зерделегенде оған әдеби процестің қаншалықты әсері болғанын анықтау қажет, өйткені бұл байланыстардың әдебиеттану ғылымындағы өзіндік орнын нақтылайтыны белгілі.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы әлеуметтік-қоғамдық жағдайдың әдеби үдеріске әсері айтарлықтай болды. Ғасырдың алғашқы жылдары қазақ прозасында негізінен мінез бен жағдайдың байланысының мынадай түрлері байқалады:

а) қалыптаса бастаған жағдайды өздері өзгертуге мүдделі жігерлі мінездер (мысалы, ауылды сауаттандыру, колхоздастыру т.б.);

ә) Қазан төңкерісінен кейінгі орнаған кеңестік жаңа жағдайларды қабылдағысы, өзінің бұрынғы мұратына адал, көзқарастарын өзгерткісі келмейтін бейнелер;

б) кейбір шығармаларда қалыптасқан жағдай мінездерге пәрменді әсер ете алмайтын болғандықтан, бұл ретте мінезді жан-жақты ашу үшін жасанды жағдайлар жасылынды.

«Жағдай дегеніміз — адамның сезімдері, ойы, іс-әрекетімен бірге өзі өмір сүріп отырған ортаның барлық саяси, экономикалық, экологиялық сипаттарын өз бойына сіңірген тарихи ортасы», — дейді А.Иезуитов [12].

«Адам мінездерін жағдай жасайды. Сондықтан көркем шығармада геройдың мінездерін беталды ойша қарастыруға болмайды. Автор адам мінездеріндегі кездейсоқ жайларды теріп, немесе кейіпкердің сырт бітімін күлкілі етіп көрсетумен адам мінездерін жасай алмайды, бұл үшін өмір шындығына терең бойлап белгілі бір әлеуметтік ортаға тән сипаттарды жинақтап, образ арқылы көрсету керек», — деген Н.Ғабдуллин пікірі жанды [13].

Көркем туындыда қаһарман жасау — аса күрделі теориялық негіздемелерге арқа сүйейтін үрдіс. Тұлға жасау, бейне ашу, мінез болмысын көрсету толып жатқан көркемдік тәсіл-амал арқылы жүзеге асырылады. Көркем туындыда мінез бен жағдайдың тоғысар жері — тартыс. Тартыс — шығармадағы бүкіл оқиға мен мінездің дамуын қозғалысқа келтіретін негізгі күш. Тартыста негізгі өлшем мінездің қоғамдық бейнесін анықтайтын ішкі рухани сапасына байланысты. Тартыс сын сәтте көрінетін ішкі рухани адамгершілік сапасын, бойындағы көмескі, кейде мән беріле бермейтін белгілерін жинастырып, мінездің ашылуына септігін тигізетін қасиетке де ие.

Жағдай тартыстың объективті заңдылығын анықтауда елеулі орын алады. Шығарма қаһарманының мінез-құлқын ашуда жағдайдың, тартыстың, сюжеттің, сәттің, коллизия, драматизм ұғымдары елеулі жүк көтереді. Әдебиет зерттеу еңбектерде бұл ұғымдардың ара-жігін ашып қарастыру жағы кемшін.

Өмірдегі тартыстың өнерде көрсетілуі — аса күрделі шығармашылық процесс. Жекелеген зерттеушілер тартыс категориясын көркемдік таным тұрғысынан зерделеуге қатысты мынадай ойлар айтады: «... тартысты өз алдына жеке категория ретінде зерттеу — артық нәрсе. Өйткені тартыс пен сюжет кейіпкердің характерін ашуда бір-бірімен де тығыз байланысты. Ол екеуін мінезден жеке қарастыру дұрыс емес» [14].

Әдеби шығармадағы тартыстың сюжет пен құрылымға қозғаушы күш мәнінде әсер етеді. Өмірдегі тартыс пен өнердегі тартыстың өзіндік қырлары туралы айтатын болсақ, өнердегі тартыстың тәрбиелік, адам болмысына бойлау міндеті бар. Өнердегі тартыс өмірдегі тартыстың мәнін, мағынасын ашуға бағытталады. «Көркем шығарманың драмалық сипаты бастау алу үшін, өз кезегінде белгілі бір сатылардан өтеді. Қарапайым «различие» карама-қайшылыққа ауып, ол жағдай дәрежесіне көтеріледі.

Әдебиеттану, әдебиет теориясында мінездің жағдайды өзгертетін ықпалы айтылады. Расында да жағдайды туғызатын — адам мінезі. Ал жағдай өз тарапынан мінезді ашады, көрсетеді. Бұл өзара сабақтас тіршілік иірімдерін көркемдік кеңістікте, соның ішінде драматургия жанрында көрсетудің өзіндік шарттары бар.

Драмалық туындыда жағдай мінез арақатынасы ширыға түсіп, ықшам, жедел көрсетіледі. Пьеса барысында жағдай туғызған мінез-құлық кереғарлықтары тұтас көрініс табады. Яғни тартыс шарықтау шегіне, шешіміне жетеді. XX ғасырда қазақ әдебиеті көркемдік дамуда әр қилы кезеңдерді өткерді. Қоғамдық-әлеуметтік ауытқулар мен ауысулар адам мінезіне жаңа сапалар дарытып отырды. Тіршілік жағдайлары да өзгеріске түсті. Осыған орай тақырыптық туындылар өндіріс, ауыл тұрмысын бейнелеген шығармалар жазылды.

50–60-жылдарда әдебиетте адамгершілік иірімдеріне тартқан шығармалар туып жатты. Қазақы болмыстың қаймағы бұзылмағанымен, заман лебі шарпыған ауыл өмірі ондаған туындылардың арқауына айналды.

Жалпы әдебиеттану, өнертану ауқымында «характер мен тартыс» мәселесі — көп зерттелген жайдың бірі. Сонда негізінен тартыс жағдайдан туады деген тоқтам айтылады. 50–60-жылдардағы адам мен табиғат арасы, үдей түскен әлеуметтік, адамдық қайшылықтар мінезге трагедиялық ахуал дарытқаны айтылады.

Сәттер жиынтығы мінезді тұтас бейне деп танытуға, оны әдеби органикалық бірлік есебінде қабылдауға түрткі болады, мұнда XX ғасырдағы қазақ әдебиеті адамды қалыптастырушы, бағыттаушы әлеуметтік жағдайлар — тұрмыс әрекеттері мен еңбекке, өмірлік мұрат-мақсатқа, идеялық ықпал етуге арқа сүйеді. Әдеби бейнені жасайтын көркем шығарма кейіпкерінің ерік, жігері, құлшыныс, құштарлығы, елігу мен шабыт сияқты күрделі құбылыстардың тоғысуы. Автор идеясының тартыс, мінез мәселесінде өзіндік орны бар.

Ұлттық прозада, драматургия жанрында жағдай мен мінездің қалыптасқан тұрақты байланыстары туралы айтылады. Мәселен, XX ғасырдағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік төңкерістер адамның мінез-құлқының өзгеруіне жаңа жағдайлар жасады. Көркем шығармада тұлға тұғырында бейнеленген кейіпкерлер жағдайды өзгертуде ықпалды және соған құлықты болды. Өзіне қалаған, қолайлы жағдай жасау үшін әрекет етті. Өмірлік жағдайларды қабылдамай, қарсылық білдірген мінездер туа бастады. Мінез бен жағдай арақатысында өзара бейімдеу, ықпалдасу, синхронды өзгеру үрдісі байқалды.

Жалпы қазақ әдебиетінің қай жанрындағы туындының да болмысын тартыстың мінез бен жағдайға қатысы туралы іргелі, күрделі зерттеулер жоқтың қасы. 50–60-жылдары қазақ прозасында мінездің өмірлік, әлеуметтік жағдайларға іштей қарсылығы айқын көрсетіліп, жазыла бастады. Әдеби туындыда характер белсенділігі арта түсті, автор идеясына мінез бойындағы ынсап пен ындыңның арақатынасы мазмұн болды. Замана бағытындағы күрделі адамгершілік меже, биік моральдік сапа мінез дамуы үшін өнімді жағдай жасағанмен, өмір ағысы, тіршілік ақиқаты адам жанын кереғарлықтармен қаумалады. Осы кезең қаламгерлері тұрмыс пен болмысты әр қырында тануға, ашуға, адамның өзіндік ұстанымын айқындай түсуге ден қойды. Экстремалды сәттер, рухани дағдарысқа, әлеуметтік қарама-қайшылықтарға толы жағдайдағы мінездің ішкі бұлқынысы мен сыртқы іс-әрекетіне, имплициттік, эксплициттік сырларына үңілу арқылы қаламгерлер бейне ашуда тың көркемдік барлауларға барып отырды.

XX ғасырдағы қазақ прозалық туындыларының ендігі бір парасында мінез жылжымалы, өзгермелі, ауыспалы жағдайларға әсер етеді. Күнделікті күйбең тіршілік, дағдылы ортада мінездің ішкі сырын, жасырын арманын, құпия мақсатын ашып көрсету мүмкін бола бермегендіктен, қаламгерлер адамды кездейсоқ сәт, парадокске толы оқиғаға араластыра отырып, оның басты қасиеттерін, басым өмірлік ұстаным мен дүниетанымының терең қабаттарын ашуды авторлық мақсатқа айналдырады, яғни басты көркемдік нысана — жағдай арқылы мінездің болмысын анықтау, айқындау. Бұл тұрғыдан келгенде, мәселенің екінші қыры — бағыттау жайы бас көтереді. Өмірлік ситуациялар ашылуының арғы астарында тәрбиелеу, бағыттау мүддесі бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қирабаев С. Шындық және шығарма. — Алматы: Жалын, 1981. — 65-б.
- 2 Кәкішұлы Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. — Алматы: Санат, 1994. — 89-б.

- 3 Жаксылыков А.Ж. Образы. Мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис / Под ред. З.Кабдулова. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — С. 86.
- 4 Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 56-б.
- 5 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. — Алматы: Жазушы, 1993. — 42-б.
- 6 Серікқалиев З. Алтын жамбы. — Алматы: Өнер, 2001. — 10-б.
- 7 Чуковский К. Высокое искусство. — М.: Сов. писатель, 1988. — С. 28.
- 8 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. — Л.: Худ. лит., 1940. — С. 112.
- 9 Воронов В.И. Художественная концепция. — М.: Сов. писатель, 1984. — С. 61.
- 10 Крамов И.Н. В поисках сущности. — Алматы: Жазушы, 1980. — 310 с.
- 11 Ысқақұлы Д. Сынсонар. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1994. — 240 б.
- 12 Иезуитов А. Проблемы характера в современной советской прозе. — М., 1976. — С. 32.
- 13 Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. — Алматы: Жазушы, 1972. — 65-б.
- 14 Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1991. — 161-б.

Ж.А.Рүстемова, К.М.Шакирова

К вопросу о «характере» и «обстоятельстве» в художественном произведении

В статье рассмотрены содержание, функции и взаимосвязь понятий «характер» и «обстоятельство» в художественном произведении. Проанализированы образность понятий «характер» и «обстоятельство» в искусстве, художественно-эстетические особенности этих понятий и их роль в произведении в создании смыслового пространства художественного текста. Исследована взаимосвязь данных категорий в произведении искусства для воссоздания жизненной правды.

Zh.A.Rustemova, K.M.Shakirova

To the question of «character» and «condition» in the work of art

There are considered in the article the contents, functions, and interrelation of the concepts «character» and «circumstance» of a work of art. Investigating figurativeness of concepts of «character» and «circumstance» in art, they are shown as complete system. Art and esthetic features of these concepts and their role in work in creation of semantic space of the art text are considered. The interrelation of these categories in a work of art is investigated for a reconstruction of the truth of life.

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)

Ахмет Байтұрсынов — халықтың ой-санасын биік белеске көтерген қайраткер

Мақалада А.Байтұрсыновтың XX ғасырдың басында баспа ісіне қосқан үлесі көрсетілген. Патша үкіметінің үстемдігіне қарсы күреске халықтың көкірегін ояту ісінде өзі бас редактор болған «Қазақ» газетінің рөліне баға берілген. А.Байтұрсынов беделді мүшесі болған «Алаш» қозғалысына сипаттама жасалып, оның бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған Қазақстанның шекараларын нығайту үшін қандай үлкен рөл атқарғандығы туралы қорытындыланған. Қуғын-сүргін жылдары Ахмет Байтұрсыновтың және оның отбасы мүшелерінің қудалауға ұшырағаны бейнеленген. Осынау «Алаш» қозғалысының көрнекті өкілінің сан қырлы саяси, қоғамдық, әдеби, аудармашылық қызметі туралы зиялы қауымның пікірлері келтірілген.

Кілт сөздер: басылым, редакциялық алқа, ағарту, кітап, қайраткер, үкімет, Алаш, мұра, шығармашылық, зиялы, азамат, өркениет.

Ахаң — қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген газет-журналдар туралы сөз қозғалғанда ең алдымен ауызға «Түркістан уәлаяты» (1870–1882) газеті, «Айқап» журналы (1911–1915), «Қазақстан» газеті (1911–1913) және «Дала уәлаяты» (1888–1902) газеті түседі.

Бірінші болып Ташкентте «Түркістан уәлаяты» газеті шықты. Түркістан генерал-губернаторының ресми үнқағазы — «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде қазақ және өзбек тілдерінде алма-кезек шығып тұрды.

Бұл басылым жабылған соң, 1888 жылы Дала генерал-губернаторының Омбыдағы кеңсесі жанынан «Дала уәлаяты» газеті деген атаумен екінші басылым жарық көре бастады. Жаңа газет 1902 жылға (кейбір деректерде 1894 жылға) дейін шықты. Ресми тарихнама бойынша, аталған екі басылым мерзімді қазақ баспасөзінің басы деп саналады.

Көп ұзамай өзге басылымдар да шыға бастады. Мысалы, 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі тұсында шығып, қазақтың қоғамдық өміріне онша ықпал ете алмай ғайып болған «Серке» газеті солардың қатарында.

1911 жылы шыға бастаған өзге екі басылым — «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналы әлдеқайда салмақты көрінді және дәуірі ұзағырақ болды. 15 нөмірі жарық көрісімен, отаршыл биліктің күштеуімен жабылған «Қазақстан» газетіне қарағанда, 500 данамен басылатын «Айқап» журналының тұрақты оқырмандары қалыптасқан еді. «Айқап» журналының алдыңғы басылымдардан, әсіресе патша әкімшілігінің ресми баспа үні болған «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттерінен ерекшелігі — журналда қазақтың XX ғасыр басындағы әдеби-мәдени қозғалысы мен қоғамдық пікірінің дамуы айтарлықтай көрініп тұрды. Сорбонна (Париж) университеті зерттеушілерінің мәліметінше, «тарихшылар, педагогтар, лингвистер мен ақындардан құрылған тамаша ұжымның арқасында «Айқап» журналы өте жақсы көркемделген 20 бет болып басылып тұрды» және «Әдеби қазақ тілінің қалыптасуы мен әдебиеттің дамуына едәуір үлес қосты, ұлттық мәдениетке ерекше ден қойған журнал көп ізденісін халық шығармашылығы мен қазақ этнографиясына арнады». Ахмет Байтұрсынұлының да қазақ тілі бойынша тұңғыш зерттеулерін осы «Айқап» журналында жариялағанын айта кеткен дұрыс. Алайда 1915 жылы 80-нен аса саны жарық көрген, қазақтың тұңғыш ағартушы журналы болған «Айқапты», бір мәлімет бойынша, отаршыл әкімшілік күштеп жапты, басқа дерек көздеріне сәйкес, қаржы тапшылығынан жабылды [1].

Осы газеттер мен журналдар арасында ұлт ұйтқысы болуға талпыныс жасаған және диттеген мақсатына жеткен басылым «Қазақ» газеті еді. Орынбордағы қазақ шәкірттері ынтасымен және қолдауымен жарық көрген газеттің ыстығына күйіп, суығына тонған Ахаң болған. Оның қажымас қайрат пен тапжылмас табандығының арқасында 1913 жылдың 2 ақпаны күні Каримов-Хусаиновтар баспаханасынан аты кейін аңызға айналып кеткен «Қазақ» газетінің бірінші саны жарық көрді. Алғашында үш мың дана болып басылған газеттің данасы бір жылдың ішінде сегіз мыңға жетті [2; 10].

Редакциялық алқа 1914 жылғы жаңа жылдық 45-нөмірінде газетті он облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Томск қалаларындағы, басқа да бірқатар қалалардағы, сондай-ақ Түркия мен Қытайдағы оқырмандар алып тұрған [3; 705].

Газеттің бас редакторы А.Байтұрсыновпен бірге қазіргі ұғым бойынша оның орынбасары, редакцияның жауапты хатшысы сияқты міндеттерді қоса атқарған сенімді серігі Міржақып Дулатов қосқан үлес те ұшан-теңіз болған. Және газеттің жетекші бағытын белгілеуде энциклопедиялық тұрғыдағы ғұлама Әлихан Бөкейханов зор рөл атқарған.

Біртұтас болып біріккен ғажайып үштік — А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов қалың қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ғасырдың ұлттық газетін құра білді. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялыларының бүкіл бетке ұстарларын топтастыра алды. Дегенмен де, негізгі идеялық-теориялық салмақты А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов көтерді.

«Қазақ» газеті өз беттерінде келесідей өзекті мәселелерге көңіл бөлді:

- бірінші нөмірінде басылған бағдарламалық мақаласында А.Байтұрсынов газеті «ұлттың көзі, құлағы және тілі» деп атады. Редактордың пікірінше, газет адамдардың мүдделеріне қызмет етуге, білімді таратушы, халықтың қорғаушысы, оның рухани тәлімгері болуға тиіс;
- XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының стратегиясын анықтап берді;
- халықты топтастыру, оның ежелгі мәдениетін және демократиялық Ресей құрамындағы қазақ ұлттық мемлекеттігін қайта түлету проблемалары газет қызметінің өзегіне айналды;
- халықты ағарту, кітап шығару мәселелеріне басымдық берді;
- аграрлық проблеманың Ә.Бөкейханов бастаған көрнекті білгірлері отаршылдықтың мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін алып қою арқылы қоныс аудару қоры құрылуының, шаруалардың жерсіз қалуы үрдісінің мәнін ашып көрсетті;
- мұсылман діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген тактиканы ұстанды; дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты;
- барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады;
- өзінің нысаналы жарияланымдары арқылы ұлттың тарихи санасын қалыптастырды, Абай сияқты аса көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі үлгісімен ұлттық мақтанышқа тәрбиелеу міндеттерін белгіледі;
- халықаралық жағдайға жүйелі түрде талдау жасады, елдегі және шетелдегі демографиялық жағдайды ашық көрсетіп, бүкіл түрік дүниесінің, мұсылмандар қозғалысының тағдырын қадағалады;
- Мемлекеттік думаның жұмысына, оның мінберінен қазақ халқының мүдделерін қорғау мәселелеріне ерекше мүдделік танытты;
- 1916 жылғы оқиғалар жөнінде принципті көзқарасты ұстанды;
- тұжырымдылығымен, жоғары көсемсөзділігімен, қазақ әдеби тілінің мағыналылығымен, өз халқының көкейкесті мүдделеріне адал қызмет етуімен «Қазақ» газеті өте ерекшеленді.

Газеттің ең ұлы мақсатының бірі ана тілін түрлендіру, қазақ тіліндегі басылым арқылы тіл мен дәстүрді дамыту, қалың қауымның көзін ашу болатын. А.Байтұрсынов өзін бағдарламалық мақаласында былай деп жазды: «Өзіміздің өзіндік ерекшелігімізді сақтап қалуымыз үшін біздің бар күш пен құралды жұмсап, оқу-ағартуға және ортақ мәдениетке ұмтылуымыз қажет; бұл үшін біз әдебиетті ана тілінде дамытумен айналысуды бірінші борыш деуге міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халықтың ғана дербес өмірге үміттенуге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек» [2; 300].

Содан да болар, «Қазақ» газетінің жауы аз болмады. Өз ішімізден шыққан шұбар жыландар кейбір үкіметке жаға қоймайтын мақалаларды, деректерді орыс тіліне аударып, газет үстінен арыз-шағымдарды қардай боратты. М.Дулатовтың жазуына қарағанда, 1914 жылы «Қазақ» газетінің № 80 санында жарық көрген мақаласында Ресейдің Ішкі істер министрлігі жасап шығарған «Қырғыз өлкесін басқару туралы» ереженің жобасын өткір сынға алған. Орынбор губернаторы Сухомлинов редактордың үстінен іс қозғап, оған 1500 сом мөлшерінде айып салған. Бұл ақша төленбеген жағдайда Ахмет Байтұрсыновты сегіз айға түрмеге отырғызу туралы шешім қабылдаған.

Мұншама қаражатты төлеу газеттің жабылуымен тынатын болғандықтан, Ахаң түрмеге отыруға келісім береді. Абақтыда төрт-бес күн отырып та шығады. Оның босап шығуына Міржақып бастаған зиялы қауымның қаражатты аз күннің ішінде жинап беруі себеп болды.

Бірақ бұдан кейін де «Қазақ» газетінің басына төнген бұлт сейілген жоқ. Ол бірнеше мәрте айып тартты. Айып мөлшері үш мың сомға дейін жетті. Осы қиындықтың барлығына төтеп берген «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін шығып тұрды [4; 8].

Қорыта айтсақ, «Қазақ» газеті қазақ халқы тарихының бетбұрысты кезеңінде шығарылды. «Алаш» партиясы мен Алашорда бостандықты жеңіп алуға және қазақ мемлекеттігін қайта туғызуға тарих берген мүмкіндікті қайткен күнде де ақырына дейін пайдалануға ұмтылып, тағдырлы шешімдер қабылдаған екі орыс революциясы кезеңіндегі «Қазақ» газетінің рөлі баға жеткісіз еді [3; 709].

Екінші жағынан, «Қазақ» газеті Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзші есебінде танылуына іргетас қалады. Газеттің халық қолдауына ие болуы Ахаңның абыройын асырды. Оның ел ішіндегі беделін нығайтты. Тіпті, газет жабылар алдында оның хал-ахуалы жаман болған жоқ. Әдепкіде баспахана жалдап, ақыға шығарылған газет төрт-бес жылда өзіндік баспаханасы, қағаз қоры, айналым қаржысы, шағын кітапханасы, тағы керек-жарағы бар әжептәуір кеңселі мекеме дәрежесіне жетті. «Қазақ» газетін жаздырып алу жергілікті байлардың, болыс-билердің, хат танитын барша қазақтың беделін, кісілігін, мәдениет дәрежесін анықтайтын бәсекенің мәселесіне айналды.

Сонымен, сол тұстағы Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырған газет әрі насихатшы, әрі жаршы, әрі хабаршы болғанын аңғару қиын емес. «Қазақ» қараңғыда жол таба алмай, қарманып қалған қазақ халқына жол сілтеген құбылнама секілді болды. Шын мәнінде, Ахаң айтқандай, халықтың тілі мен көзіне, құлағына айналды.

Ахмет Байтұрсынов — қазақ халқының ой санасын биік белеске көтерген зиялы қайраткер

Ағартушылық және шығармашылық қызметті жемісті атқара жүріп, жиырмасынша ғасырдың басында А.Байтұрсынов саяси-әлеуметтік істерге де белсене араласты. Өйткені осы жылдары қазақ қоғамында айтарлықтай өзгеріс рухы байқалып, ел қамы, мұңы, арманы, келешегі бұрынғыдан гөрі батылдау сөз етіле басталды.

1905 жылдың басында ішкі-сыртқы төңкерістік тегеуірінге шыдай алмаған патша үкіметі: халық сайлаған өкілдердің кеңесін шақыруға, бұқара мұңын жеткізетін шағым-арыздарды (петицияны) жазуға рұқсат берді. Бұл қазақтардың арасында ұлт-азаттық қозғалысын оятты. 1905 жылдың сәуіріндегі бұл еркіндік патша жарлығымен бекітілді. Көктемнен бастап адам көп жиналатын жайлау мен жәрмеңкелерде қазақ елінің қамын ойлайтын түселдер ашылып, патша ағзамға қаратылған ұлт мүдделері хатқа түсіп, қол қойылды. Сөйтіп, 1905 жылдың маусымында Қарқаралы оясындағы Қоянды жәрмеңкесінде 14 500 қазақтың қолы қойылған Петиция Министрлер кеңесінің төрағасына жолданды. Бұл — азаттық аңсаған халықтың оянған санасының тұңғыш үн қатуы еді. Онда: тәуелсіз діни мүфтият, жер, сот, Мемлекеттік думаға қазақтан депутат сайлау мәселелері талап етілді. Бұл манифест қазақ тіліне аударылып, қыр еліне таралды. Қазақтардың басына барша адамның теңдігі, ұждан бостандығы, халық билігі туралы сөздер айтатын, естен кетпес ерекше күндер туды. Мұны ұйымдастырғандар: отаны мен туған ұлтының бақытын ойлайтын ұлт зиялылары, соның ішінде ұлт көсемдері — Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов еді [5; 154,155].

Ахмет Байтұрсыновтың 1905 жылдардан басталған белсенді саяси қызметі үнемі патша үкіметінің назарында болды. Ақырында қуғындауға ұшырап, 1907 жылы және 1909 жылы екі рет ұсталып, түрмеге жабылды. Семейдің түрмесінде 1910 жылдың 21 ақпанына дейін сұрақ-жауапсыз жатты. Бұл оқиға Ресейдегі революциялық рухтағы «Речь» атты газеттің назарын аударып, «Қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынов түрмеде» деген мақала жарияланды.

Ахаң 1910 жылы Орынборға жер аударылды. Оның өмірінің Орынбор кезеңі қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Қайраткердің осы қаладағы қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында өткізілді. Ол «Қазақ» газетіне жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты.

А.Байтұрсыновтың реформаторлығы, Ә.Бөкейхановпен бірге ұлт-азаттық қозғалыстық халық мойындаған жетекші дәрежесіне көтерілуі 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында анық байқалды.

Біріншіден, Ахмет 1917 жылғы революциялық өзгерістер арасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың

калың ортасында жүрді. Оларға тікелей араласып «Қазақ» газеті арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Екіншіден, 1917 жылы 2–8 көкек айында Орынбор қаласында Торғай облысы қазақтарының алғашқы съезі өтті. Ахметтің төрағалығымен өткен бұл съезд жаңа қоғамға бет алуының басы болды.

Үшіншіден, патша тақтан түсіп, жарық күн туды деген заманда серіктестерімен бірге Алаш партиясының жобасын жасап, Алаш үкіметін құрды. Сол үкіметтің бірден-бір рухани көсемі (идеологы) болды.

Төртіншіден, Алашорда үкіметі құрамын бекіткен Екінші жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп А.Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды.

Бесіншіден, 1919 жылы 4 сәуірде Кеңес үкіметі, советтік платформаға көшкен Алашордаға кешірім жариялап, ұлттық келісімге келді. Алаш зиялылары жаппай қуғыннан, қырғыннан ондаған жылдар бойы аман қалды. Совет үкіметі мен Алашорда арасын жарастырып, ұлттық келісімге жеткізген Ахаң еді.

Алтыншыдан, В.И.Лениннің ұсынысымен Қазақ өлкесін басқаратын Қазақ (Қырғыз) революциялық комитетінің төрағасының орынбасары болған. А.Байтұрсынов болашақ қазақ автономиясының аясына барлық қазақ жерін жинауда ерекше қажырлылық танытты. Челябин губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін Қазақ өлкесіне қайтару үшін М.Сералинмен бірге В.И.Ленин атына арнайы хат жазды.

Қостанай уезі Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де Торғай облысының қарауында болғаны белгілі. Бірақ Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті 1919 жылғы 27 тамызда «Сібір төңкеріс комитеті туралы» деген қазақ жерін бөлшектеу мақсатында кесепатты шешім шығарды. Осы қаулы негізінде Челябин ауданы 1919 жылғы 3 қыркүйекте құрылды. Сол ауданға Қазақстанның Қостанай уезін заңсыз түрде қосып жіберді (қараңыз: Кеңес үкіметінің декреттері, 1973, VI-т., 73,74-б.).

Заңсыз, кесепатты шешім деуіміздің бірінші себебі — Қостанай уезін Челябин ауданына қосу кездейсоқтықтан, жаңылыстан немесе ел мен жер жағдайын білмеушіліктен туған емес. Оның қазақ жерінің Қостанай уезі секілді шұрайлы өңірін Челябин ауданына қосу арқылы келешекте бүкіл Торғай облысын Ресейге қарату мақсатынан туғаны сөзсіз. Өйткені патшалық заманның өзінде бұл мәселе бірнеше рет қозғалған. Бірақ әлеуметтік, экономикалық, тұрмыс-тіршілігі жағынан Торғай мен Сырдария облысының алты уезінің бір-бірімен ажырамас байланысы үзілсе, халқының апатқа ұшырайтындығына олардың көздері жеткендіктен, бұл теріс қадамға баспаған.

Екіншіден, заңдылығы жағынан қарағанда Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі комитет туралы» жоғарыда аталған Қаулысында Торғай облысы Төңкеріс комитетінің құзырына берілген. Саяси жағынан қарағанда Қостанай уезінің негізгі халқы — қазақтар. Торғай облысының Ақтөбе, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездері мен Сырдария облысының Қазалы, Перовск уездерінің мал, егін шаруашылығы, экономикалық жағдайы өзара ажырамас тығыз байланысты. Бұл жағдайлар В.И.Ленин мен И.В.Сталинге мәлім болмауы мүмкін емес. Солай болса да жоғарыдағыдай кесірілі де кесепат қаулыға В.И.Ленин қол қойды. Бұл қазақ жерін шетпұшпақтап болса да кеңестік кезеңдегі бөлшектеудің алғашқы бастамаларының бірі болғаны анық.

Осы қаулының тақсиретін Қостанай уезінің халқы есепсіз тартты. Олар Челябин ауданы мен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкеріс комитеттерінің екі жақты илеуіне түсті. Халық күйзелді. Салықты Челябин ауданына да, Торғай облысына да төлеуге мәжбүр етті. Қысымшылыққа екі жақтан ұшырады. Қымбатшылық етек алды. Жер-жерде наразылық шерулері өтті. Жоғары органдарға арыз-шағымдар көбейді.

Бұл солақай шығарылған қаулының, жоғарыда айтылғандай, зияннан басқа халыққа пайдасы жоқ екендігін Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкеріс комитеті, оның ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсынов құжат жарияланысымен-ақ сезді. Сондықтан Қостанай уезін Челябин ауданына қосу жөніндегі қаулының теріс, жөнсіз шығарылғанын дәлеледеп, Төңкеріс комитетінің атынан 1919 жылы 13 қыркүйекте В.И.Ленинге, Ұлт істері жөніндегі комиссариатқа, оның бөліміне хабар жеткізуді ұйымдастырды. Бұған қоса қаулының заңсыздығына деректі баяндаманы («Торғай облысының Қостанай уезін Челябин ауданына қосу туралы» [Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті төралқасының «Сібір төңкеріс комитетін бекіту туралы»] Қаулысына байланысты Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкеріс комитетінің мүшесі Байтұрсыновтың баяндамасы) өз

қолымен жазып, 1919 жылғы 16 қыркүйекте № 557 қатынаспен Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдады [6].

Ақыры А.Байтұрсынұлының қажырлы еңбегі халық мүддесіне шешілді. 1920 жылғы 26 тамыздағы «ҚазАССР-ін құру туралы» Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің Декретімен Қостанай уезі бұрынғы шекарасымен байырғы Отанына қосылды [7].

Ахмет Байтұрсынов 1928 жылдың 5 қазанында Алматыға көшіп келіп, ҚазПИ-де сабақ берді. 1929 жылы көкек айының 19 күні «Советская степь» газетінде Ораз Исаев пен Измұқан Құрамысовтың ұйымдастыруымен Ғаббас Тоғжанов пен Әбдірахман Байділдин, Х.Жүсіпбеков, С.Сапарбеков, О.Жандосов қол қойған ашық хат жарияланды. Бұл ашық хат Ахмет Байтұрсынов бастатқан алаш азаматтарын «құрбандыққа шалудағы» ең соңғы шешуші соққының міндетін атқарды.

Алаштың ардақтыларын түрменің босағасынан бірақ шығарған «Жазушы-қазақтардың творчествосы туралы» хатта: «Құрметті жолдастар! Біздің пікірімізше, Әуезов пен Байтұрсыновтың шығармаларына маркстік көзқарасқа мүлдем жат баға берілген...

...Байтұрсынов туралы берілген баға да дәл емес. Рас, революцияға дейін Байтұрсынов қазақтың ұлттық зиялыларының жетекшілерінің бірі болды, патшалық саясатқа қарсы күресті, сол кезде ол қазақ тұрмысындағы алдыңғы қатарлы буржуазиялық революционер боп табылды. Алайда мұның барлығы ешкімге де: «Байтұрсынов — қазақтың аса көрнекті ақыны» деуге құқық бермейді... Ол ақын болған жоқ. Ол публицист болды және публицист болып қалады. Байтұрсынов буржуазиялық ұлтшыл-қазақ байларының идеологы болып қала береді... Ол контрреволюциялық идеологияны уағыздады. Бүгінгі қазақ қоғамы Байтұрсыновты біздің партиямызға қарсы күрескен және күресіп келе жатқан реакциялық алашордашыл интеллигенцияның бір көсемі деп санайды.

«Әдебиет энциклопедиясының» редакция алқасы жіберген қателіктерді түзету мүддесін көздеген біздің бұл пікірімізге «Правданың» бетінен орын беруіңізді өтінеміз.

Коммунистік сәлеммен: О.Исаев, І.Құрамысов, Ғ.Тоғжанов, С.Сапарбеков, О.Жандосов, Х.Жүсіпбеков, Ә.Байділдин» [5; 153], — деп жазылды.

Міне, осындай мемлекеттің атынан жасалған ресми айыптау мәлімдемесінен кейін бір айдың ішінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов қамауға алынды. Олар 1929 жылдың 2 маусымында Қызылорда қаласында өтетін әдебиетшілер мен тілшілердің жиналысына шақырылады да, сол жерде қамауға алынып, қайтадан Алматының түрмесіне жөнелтіледі.

Ахмет Байтұрсынов 1930 жылы 4 сәуірде ату жазасына кесілді. Бірақ соңынан ол жаза он жылға жер аударылумен алмастырылды. А.Байтұрсынов пен М.Жұмабаев Беломор-Каналда айдауда болып, Қызыл Крест қоғамының көмегімен 1934–1935 жылдары Алматыға қайтып оралды. Арада екі жыл өтісімен, 1937 жылы қарашада Ахмет Байтұрсынов НКВД-ның Алматы облыстық басқармасы коллегиясының шешімімен қамауға алынды. «Қайда апарасыңдар?» — деген әйелі Бадрисаның (Бәдрисафаның) сұрағына жылдам қимылдайтын, аласа бойлы қара жігіт: «О дүниеге», — деп жауап беріпті. «Жылтыр қараның» бұл сөзіне қарағанда, А.Байтұрсыновқа алдын ала үкім шығарылып қойылған. 25 ноябрь күні «үштіктің» қаулысы қабылданып, екінші рет ату жазасына кесілді.

Он үш күннен кейін, яғни 1937 жылы 8 желтоқсан күні, үкім орындалды. Тағылған айып мынадай: «Байтұрсынов 1921 жылы Орынбор қаласында Валидовпен байланыс жасап, жасырын контрреволюциялық ұйым ашты, қылмысты жазасын өтеп келгеннен кейін, 1937 жылы Алматы қаласында әшкереленген тағы бір контрреволюциялық Түрік халық партиясының белсенді мүшесі Ғ.Қабдалиевамен байланыс жасағаны үшін айыпталды» [5; 180].

1988 жылы 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Соты 51 жыл «халық жауы» деп нақақтан қараланып келген Ахмет Байтұрсынұлын ресми түрде ақтап шықты. Ал оның жұбайы мен қызының ақталуына байланысты берілген анықтамалар келесідей [8]:

1. «30–40-жылдар аралығында және 50 жылдар басында орын алған зұлмат құрбандарының әділет табуына бағытталған қосымша шаралар туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы бұйрығы бойынша КСРО Кіндік Төрағасының жанындағы Біріккен саяси Бас басқарма коллегиясының 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынова Бәдрисафа Мұхамедсадыққызы, 1878 жылы туған, Жоғарғы Орал тумасы, татар, КСРО азаматы, партияда болмаған, үй шаруасындағы әйел, жер аудару туралы үкімі бұзылсын.

Байтұрсынова Бәдрисафа Мұхамедсадыққызы ақталды.

Қазақ КСР-і прокурорының аға көмекшісі Б.З.Ашитов, 1989 жылғы 5 қазан».

2. «Байтұрсынов Ахмет пен Байтұрсынова Бәдрисафаның қызы 1929–1933 жылдар аралығында ата-анасымен бірге айдауда болған және 1950 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабымен сотталған Байтұрсынова Шолпан Ахметқызы ақталды. Жоғарғы Сот төрағасының бірінші орынбасары М.Малаховтың қолы, 1990 жылғы 25 маусым».

Сөз соңында айтарымыз, ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп, сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын.

А.Байтұрсынұлының ақындық, ғалымдық, публицистік, қайраткерлік істерінің жоғары бағалануы

Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-ғылыми шығармашылық мұрасы кезінде қазақтың көптеген зиялылары назарында болған. Ол туралы мынадай жылы лебіздер айтылған [4; 8]:

1. Телжан Шонанұлы: «...Абайдан бастап әдебиетімізде жаңа бағыт пайда болды. Егер біз Абайды сол бағыттың кірпішін қалап, жаңа әдеби құрылысқа сілтеме жасады десек, Ахмет Байтұрсынов іргетасын салып, қабырғасын көтерді. Ендігі әрлеп-сырлауы, әшекейлі күмбезі — болашақ ақындардың ісі».

2. Ғаббас Тоғжанов: «...Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді».

3. Сәбит Мұқанов: «...Ахметтің Октябрь төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам — Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес».

1920 жылы 4 қазанда Орынборда Қазақ өлкесі Кеңестерінің Құрылтай съезінде Қазақ АССР-і құрылып, Орынбор 1920–1922 жылдары оның астанасы болғаны, қазақ интеллигенциясының едәуір бөлігі сонда шоғырланғаны белгілі. Олар Орынборда сол кезде ұйымдастырылған «Қырғыз (Қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының» жұмысына да белсене қатысқан. Ахмет Байтұрсынов осы қоғамның мүшесі әрі басқарушысы болған. Осы қоғам бірнеше жыл бойы Орынборда «Труды общества по изучению Киргизского края» деген жинақты орыс тілінде шығарып тұрған.

Бұл басылымда Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толуына арналған мақалалар жарияланған. Оның бірі М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов». (Биографический очерк), екіншісі Е.Омаровтың «Ученая деятельность А.Б.Байтұрсунова» мақаласы [9; 19].

Мыржакып Дулатов Ахаң туралы ойын былай түйіндейді: «Ахмет Байтұрсынов — народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на киргизский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению темной киргизской массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А.Б. поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей киргиз. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют киргизскому духу...

В своих стихотворениях А.Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных стихов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным киргизским языком поет о свободе, о нации — об угнетенной и отсталой киргизской нации, призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом киргизе чувства гражданства. Стихотворения А.Байтұрсунова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в киргизской литературе. У А.Байтұрсунова, кроме «Қырық мысал», имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводимых стихотворений под названием «Маса» и несколько не напечатанных стихов лирического характера...

В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтұрсунова мы имеем киргизскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтұрсунов поднял киргизскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» [10].

Елдес Омаров өз еңбегінде былай жазады: «Ахмет Байтұрсуновича знает вся киргизская степь, его все уважают, любят и, как будто, высоко ценят его талант. Но его недооценивают. Его мы знаем и

ценим как поэта, публициста, общественного деятеля, педагога, но он почему-то не укладывается в нашем мозгу как ученый, сделавший весьма ценные открытия в области киргизской грамматики» [4; 8].

Осы екі зерттеуде өмірбаяндық деректер, ғылыми, әдеби пікір-тұжырымдар бар. Атап айтқанда, оларда Ахмет шығармашылығы — акын, аудармашы, журналист, кітап бастырушы, тілші, әдебиетші есебінде зор бағаға ие болған.

Қазақтың көрнекті жазушысы, көшелі ісімен де, көсем сөзімен де танылған Сәкен Сейфуллин «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деп аталатын мақаласында былайша толғанады: «Осы өткен январьдың 28-інде Ахмет Байтұрсынұлының жасы елуге толды. Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына жеткенде, сол кісінің халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін бастан-аяқ баяндап отыру әр үлгілі халықтың әдеті. Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам қылықты атаман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы табының жігін ашып, бұл екі тап қатар тұрғанда, жарлы табын байлар табы жұмысқа жегіп қойып, борсықша сора беретіндігін айтқан жоқ. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Жарлы табының шоқпарын соққан жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады.

Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арларын сатып, ұлықтық іздеп жүргенде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Әуелі ол шkolда қазақ балаларын оқытты. Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, Крылов деген орыстың жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділетсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының намысын, арын жоқтап, «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды. Одан соң Орынборда «Қазақ» деген газетті шығарды. Қазақтың бастауыш мектептеріне арнап «Оқу һәм тіл құралын» жазып шығарды. Коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтамаса да, коммунистерше жалпы байларға оқ атып, жалпы жарлылардың таяғын соқпаса да, Ахметтің халыққа бұл істеген қызметтері зор қызмет. Бұл қызметінің әсіресе көзге көрінетіндігі сол, өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл Ұлтын сүюдің зорлығынан, 1917 жылы патша түсіп, революция (өзгеріс) болғанда, қазақтың бұрыннан арсыз, имансыз оқығандары «ұлтшыл» бола қалып, «Алаш» партиясын ашқанда, бір қазақ үшін... «Алаш» партиясында болды. (Әрине, оқыған дегендеріміздің арасында бірен-саран адал адамдар да бар).

Адал ниетті Ахмет бір тұтынған жол үшін, шын сүйетін ұлты үшін қандай партияға болса да кірмей қойсын ба?! Өзі үшін ұлтшыл болған қулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді.

Әрине, Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Көп бола алмайтындығы белгілі еді. Қазақтығына, орыстығына қарамай, бай мен жарлының арасын ашып, борсықтай сорып келе жатқан байлардың қолдарынан үкіметті қара күшпен жарлыға тартып алғызған, малын, жерін тартып алғызған коммунистер, жер-дүниедегі барша халықтарды бірдей сүйетін коммунистер рухы майда һәм қазақты ғана сүйетін Ахаңа дұрыс болмады» [4; 8].

С.Сейфуллиннің осы жүрек жарды сөздерінде сол тұстағы уақыт шындығы жатыр.

А.Байтұрсыновтың 50 жасқа толуына Мұхтар Әуезов те мақала арнаған. Бұл еңбекте Ахаңның өмірі мен қызметіне жан-жақты баға берілген: «Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен Ахаңның ғана ардақты атын айтамыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілер санаулы.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты — біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкімде дауласпайды.

Сондықтан 50 жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ахаңа біздің айтатын сөзіміз: Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі — артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң

мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды.

Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды. Әлде болса, өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды» [9; 19], — деп жазған М.Әуезов.

Жазушы Ғалым Ахмедов «Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер» деген кітабында Аханның елу жасқа толған мерекесінің қалай өткізілгенін былай еске алады: «1923 жыл Орынбордағы қазақ қауымы Аханның елу жасқа толған мерекесін өткізді. Салтанатты мәжіліс Я.Свердлов атындағы клубта болды. Жиналысты сол кездегі Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин кіріспе сөз сөйлеп ашты. Смағұл Садуақасов Аханның өмірі мен ғылыми, әдеби еңбектері жайында өте мазмұнды баяндама жасады. Смағұл Халық ағарту комиссары болатын. Жібектей есіліп, жай кербез сөйлейтін адам еді. Ол кісі баяндамасының аяғында: «Аханды біз замандасымыз ғой деп өз қатарымызға қойып, өзімізбен теңестіріп қарауға болмайды, бұл кісі қазақ халқының алғашқы алфавитін жасап берген, бұрын әркім қалай болса солай жазып жүрген емлемізді түзеп, бүкіл халқымызға ұстаз болған адам. Сондықтан бұл кісіні ұстазымыз деп қарап, өзімізден әлдеқайда жоғары ұстап, қадірлей білуіміз керек», — деп тоқтады» [11].

Орыс ғалымдарының ішінен А.Байтұрсынұлы туралы ең алғаш пікір айтқан профессор А.Самойлович. Ол 1919 жылы «Литература Востока» журналында Аханның қазақ тілі оқулықтарын жазғанын айтса, ғалым Е.Поливанов Ташкентте шығатын «О киргизско-казацкой орфографии» бюллетенінде бағалы ғылыми пікір білдірген. Ол 1929 жылы Мәскеу баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясында»: «А.Байтұрсынов — аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі... Ол қазақ емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы», — деген анықтама берген [12; 7].

М.Баталов пен М.Сильченко «Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе» деп аталып, 1933 жылы шыққан еңбектің көптеген бетін Байтұрсыновқа арнаған. Сол тұстағы «алашордашылар» позициясын сынауға құрылғанымен, бұл зерттеуде А.Байтұрсыновтың қоғамдық, ғалымдық, әдебиетшілік қызметінің негізгі бағыты мен көркемдік құндылығын мойындамай өте алмағаны байқалады. Кітапта: «Байтұрсынов — Орынбордағы қырғыз мұғалімдер семинариясында білім алған педагог. Қоғамдық-революциялық қызметін ол 1905 жылдан, қазақтың ұлтшылдық буржуазиялық-демократиялық интеллигенциясы революциялық үйірмелерде, әсіресе реакция жылдары астыртын жұмыс жүргізген кезде бастады. Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетін бастырды, оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды. Газет 1918 жылға дейін шығып тұрды, жас ақын-жазушыларды біріктірді... Байтұрсыновтың сүйікті жанры — мысал. Грек мысалшысы Эзоп, француздық Лафонтен, орыс Крыловтың өткен замандардың қалдықтары мен керітартпалықтарын, өз тобы ішіндегі басқа да топтардың кемшіліктерін сынау үшін мысалды құрал еткені сияқты, Байтұрсынов та бүйі, маса, тағы сол сияқты бейнелерде орыс патшасы чиновниктерінің зорлықтарына және феодализмнің қалдықтарына өз табы тұрғысынан қарсы шығады.

Байтұрсыновтың өлеңдері «Маса» жинағында топталған. Байтұрсынов үшін әдебиет оның идеясын, саясатын іске асыру құралдарының бірі болды» [9; 20], — деп жазылған.

Бертінде, 1974 жылы Ахмет туралы қазақ зиялылары бір ауыз сөз айтуға келмей жүргенде, академик А.Кононов өз редакциясымен шыққан «Отандық түркологтардың библиографиялық сөздігі» кітабында: «А.Байтұрсыновтың өмірбаянына толық тоқталып, оның араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы, қазақ тілі фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихының оқулықтарын жазғанын» нақты көрсеткен [12; 7].

Ұлтына өлшеусіз еңбек сіңірген Алаш қайраткерін қайта тануға талпыныс білдіре бастағанымызға 20 жылдың жүзі болып қалды. Бүгінгіде бұл тұрғыда біраз ізденістер жасалғанын атап өткен жөн. Ахметтануға кешегі Міржақып, Елдес, Сәкен, Мұхтар, Смағұлдар салған сара жолды бүгінгі тілші Р.Сыздықова, әдебиетшілер Т.Кәкішұлы, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Д.Қамзабекұлы, тарихшылар К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Қ.Атабаев, Т.Омарбеков сынды көрнекті ғалымдар ахметтанудың даңғылын айналдырып, кеңейте түсуде. Қазақ зиялыларының бірден-бір көсемі А.Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы келешек ұрпақ тәрбиесіне қажетті өзекті тақырып деп табылып, зерттеу нысанына айналды. Ғұлама ғалымның мұрасына қатысты соңғы жылдары 2000-дай ғылыми-зерттеу мақала, 40-қа жуық монография, 5 халықаралық ғылыми конференция материалдары, 10 республикалық ғылыми конференция материалдары жарық көрді. Бұл жинақтардың барлығы 1993 жылы ұйымдастырылған А.Байтұрсынұлының Алматы қаласындағы

мұражай-үйінің қорында бар. Ғалым мұрасына қатысты жүргізілетін шығармашылық және қоғамдық жұмыстарды қадағалап отыратын, профессор-ғалымдардан жасақталған арнайы Ғылыми кеңес бар. Музей-үй жанынан 500-ге жуық кітап, 250-дей әдеби журнал, 100 шақты түрлі конференция материалдары және апталық газет тігінділері қамтылған кітапхана жұмыс істейді. Мұражай мен Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасы тарапынан «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты ғалымның туған күніне орай өткізілетін дәстүрлі шара қалыптасқан [13].

Бірақ та Ахмет Байтұрсынов туралы көп зерттеулер жүргізілгенімен, әлі басы ашық, шешімін күтетін «ақтаңдақ» жайттар жетерлік.

Түйін

Жер басып жүрген пенденің бәріне ұлыға айналуы тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүтіндей ұлт табынар рухқа айналған жандар тым сирек. Әр дәуірдің, әр заманның бір туар тұлғаларын уақыт жасары хак. Осындай ой келген сәтте, еске еріксіз орала беретін бір тұс — XX ғасырдың басы. Шындығында, осы тарихи кезеңде ұлтын өркениет дамуының даңғылына бастаған озат ойлы зиялылар шоғыры молдау көрінеді. Бірақ «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, осынау топтың ішінен қазақ руханиятындағы кемеңгерлік болмысы мен азаматтық тұлғасы көзге айрықша шалынатын ұлы азамат — Ахмет Байтұрсынұлы.

Әрбір азаматтың ұлт алдындағы бағасы оның өз халқына қаншалықты қызмет ететіндігімен өлшенеді десек, Ахметтің де елінің ертеңіне еткен өлшеусіз еңбегін көреміз. Ахаң халқының жарқын болашағына кәміл сенген. Сондықтан да әйгілі «Н.Қ. ханымға» деген туындысында [14]:

*Рақатсыз өтсе де өмір-жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып біз шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпасын, қарындасым!*

*Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы — жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда; мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар?!*

*Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.
Қайраттанып қажымай тырмыссаң да,
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар.*

*Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,
Ұзақсынып жатпаспын жалыққаннан.
Жұрт қолымнан келмесе, өкпелемес,
Барын сақтап, мен аяп алып қалман.*

*Ел мұнымды білемін ұқпайтынын,
Көтермеге қалғанда шықпайтынын.
Шалыс басып аяқты жығылғанда,
«Жатқаннан тұрма», — деп мақтайтынынмын.*

*Мен өлсем де — өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен.
Өлген күні апарып тығыры — көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.*

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес — бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,
Ел — бүгіншіл, менікі — ертеңгі үшін, —*

деп кемеңгер ақын болашақпен сырласқандай, өлместігіне сенгендей.

Иә, бір кезеңдерде Алаштың ардагер азаматы А.Байтұрсынов арман қылып, жырға қосқан, сол жолда күресіп, мерт болған азаматтықтың асыл идеялары бұл күндері елімізде салтанат құруда. Қорыта айтсақ, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, оның сауатты да білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі біткенше күресіп өткен осынау ұлы адамның аты ұлт жүрегінде мәңгі сақталатыны сөзсіз. Ахметтануға тереңдеген сайын рухымыз биіктеп, арымыз тазара түспек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақ» газетінің шыққанына 100 жыл толады // Жас алаш. — 2012. — № 47. — 14 маус. — 3-б.
- 2 Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384-б.
- 3 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. — 3-т. — Алматы: Атамұра, 2002. — 768-б.
- 4 Шаяхмет А. «Қазақ» газеті — ұлт ұйтқысы // Қазақ. — 2008. — № 23 (380). — 6 маус. — 8-б.
- 5 Жұртбай Т. Ұраным — Алаш! Бесінші тарау: «БАЙТҰРСЫНОВ — БАЯҒЫ БАЙТҰРСЫНОВ». (Омаров Елдес Омарұлы және басқалар туралы іс) // Жұлдыз. — 2011. — № 3. — 153–183-б.
- 6 «Торғай облысының Қостанай уезін Челябин ауданына қосу туралы» (Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті төралқасының «Сібір Төңкеріс Комитетін бекіту туралы») Қаулысына байланысты Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкеріс комитетінің мүшесі Байтұрсыновтың баяндамасы // Егемен Қазақстан. — 2002. — 24 сәуір. — 4-б.
- 7 Ижанов З. Қостанай уезі Челябинге қалай өтіп кете жаздады // Егемен Қазақстан. — 2002. — 24 сәуір. — 4-б.
- 8 Досжан Д. Ахаң мен Александра // Түркістан. — 2011. — 22 қырк. — 9-б.
- 9 Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов (1873–1937) // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 133–150-б.
- 10 Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов. (Биографический очерк) / Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсем сөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 298–302-б.
- 11 Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: Жалын, 1996. — 32,33-б.
- 12 Әнесұлы Ж. Ұлылықтың үлгісі болған Ахаң // Қазақ. — 2007. — № 45 (350). — 9 қараша. — 6–7-б.
- 13 Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі // Ақиқат. — 2009. — № 10. — 48–51-б.
- 14 Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер? — Алматы: Қазақстан: А.Байтұрсынұлы атындағы қор, 1994. — 19,20-б.

Р.С.Каренов

Ахмет Байтұрсынов — поэт, ученый и общественный деятель

Показан вклад А.Байтұрсынова в начале XX столетия в издательское дело. Дана оценка роли газеты «Казак», главным редактором которой он являлся, в деле пробуждения сознания народных масс в борьбе против царского самодержавия. Приведена характеристика движения «Алаш», членом которого был А.Байтұрсынов. Сделан вывод о том, какую роль он сыграл для укрепления границ Казахстана в составе бывшего Советского Союза. Описано, каким гонениям подвергались Ахмет и члены его семьи в годы репрессии. Приведены мнения видных представителей интеллигенции о многогранной политической, общественной, литературоведческой, переводческой деятельности выдающегося представителя движения «Алаш».

R.S.Karenov

Ahmet Baitursynov — poet, scholar and public figure

In the article author shows A.Baitursynov contribution in the early twentieth century publishing. An assessment of the role of the newspaper «Kazakh», the editor of which he was, in the awakening of consciousness of the masses in the struggle against the tsarist autocracy. A characteristic of the movement «Alash», of which consisted A.Baitursynov. The conclusion about the role he played for strengthening the borders of Kazakhstan in the former Soviet Union. Describes how harassment were Ahmed and his family members in the years of repression. Reflect the views of prominent intellectuals of the multifaceted political, social, literary, translation work of this distinguished representative of the movement «Alash».

З.К.Сатова

№ 16 жалпы білім беретін орта мектебі, Қарағанды (E-mail: R_Zhanat@mail.ru)

Қасым Аманжоловтың шығармаларындағы ұлттық өршіл рух

Мақалада Қасым Аманжоловтың шығармалары бүгінгі уақыт талабы тұрғысынан қарастарылды. Ақынның қазақ поэзиясына қосқан жырлары күн өткен сайын әрбір жаңа буын, жас ұрпақпен бірге жаңғырып, әр қырынан жарқырай көрінуде. Қ.Аманжолов шығармаларын ғылыми тұрғыдан зерттеу ісі де өз жалғасын тауып келеді. Мақала авторы ақын шығармашылығын, поэзиясын зерртеушілердің еңбектерін талдап, Қ.Аманжолов шығармаларындағы ұлттық рух мәселесін көтерді.

Кілт сөздер: уақыт пен кеңістік, танымал қаламгер, жауһар жырлар, өршіл рух, ақындық жол, рухани жарастық, көркемдік ізденіс, эстетикалық талап-тілек.

Философ-ғалымдарда Уақыт пен Кеңістік ұғымдарынан тыс тұратын материя жоқ деген қағида бар. Сондай-ақ материядан тыс тұратын Уақыт пен Кеңістік ұғымдары және жоқ. Біздің жыл санау дәуірімізге дейін көне Грецияда алғаш рет Аристотель зерттеуіне айналған осы философиялық қос ұғым ұзақ уақыт бойы түрлі пікірлерге арқау болып, өткен ғасырдың соңғы ширегінде ғана белгілі бір тоқтамға келгендей әсер қалдырады.

Біздің пікірімізше, Уақыт пен Кеңістік ұғымдарының әдебиет пен әдебиеттануға қатысты бірнеше мәселелері бар:

Біріншіден, ақын-жазушы, онда да танымал қаламгердің шығармаларындағы уақыт, яғни суреткердің уақыт тынысына, замана талабына деген қарым-қатынасы, өзіндік пікірі. Бұл салаға сондай-ақ қаламгер шығармаларына арқау болған кеңістікті де жатқызуға болады.

Екіншіден, ақын-қиялындағы оның жауһар жырлармен өрнектелген, жұдырықтай жүрегіне Ғаламшардың барлық құпия-құбылыстарын сыйғызуға арқау болған Уақыт пен Кеңістік.

Ақиқатын айтайық, талай қаламгердің жазып, дүниеге әкелген туындыларынына өмірі, өкінішке орай, қысқа болып жатады.

Арада едәуір уақыт өтсе де, талай таланттардың, солардың ішінде Қасым ақын поэзиясының өміршендігі неде?

Ең бірінші айтарымыз — ақын қиялындағы біз жоғарыда атап өткен қос, философиялық ұғымның аса ауқымдылығы, екіншіден, Қасым ақынның өз қиялы арқылы нақты ортаны, яғни мекенді мезгілмен тығыз бірлікте алып, осынау екі саланы шебер ұштастыра білуі дер едік.

Қасым Аманжолов — өршіл рухтың ақыны. Ол өз заманындағы уақыт талабына, замана сырына үңіліп қана қоймай, қыруар өзін толғантқан сауалдарға жауап қайтарды. Қасым ақын, бәрінен бұрын, ақын, егер азаматтығы келісіп тұрса, өзі ғұмыр кешкен ортада, қоғамда қандай роль атқаруы керек екенін терең түсіне білді.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы ауқымды. Күні кеше ғана «ағалап» немесе «досым-ау» деп жүрген жандардың басына іс түскенде, жалт беріп көрінбей кетуі, өмірдегі түрлі келеңсіздікке жан-тәнімен езіліп, қайғыруы — бәрі-бәрі де оның поэзиясынан табылады.

Азамат баласына жамандық ойламайтын шынайы талант қана жұмыр жер бетіндегі қыруар трагедия, қайғылы құбылыстарды өз басының мұңындай қабылдайды.

1936 жылы жазылған шағын ғана «Сабыр етші» өлеңінде мынандай жолдар бар:

*Неге мұнша сорлы жүрек, соғасың?
Неге күйіп, неге мұздап тоңасың?
Арпалысып тыныш жата алмай ұяңда
Неге мұнша мазасыз сен боласың?!*

*Неге мұнша үрейлене соғасың?
Қиял кернеп, нені ойлап шоласың?
Сорлы жүрек, ойларсың да, толғарсың,
Толғарсың да, сарғаярсың, соларсың [1].*

Ақындық жолды таңдап алған әзиз жанның өз жүрегіне осылайша тіл қатуы болашақтағы ауыр тағдырмен, соқтықпалы соқпақсыз жолымен, тар жол тайғақ кешуімен бетпе-бет келіп, сырласқандай әсер қалдырады.

Қасым поэзиясын кеңірек қарастырған адам ондағы ұлы адамдарға арналған жыр шумақтарын оқыр еді. Сүлеймен Стальский, Нұрпейіс жырау, Тарас Шевченко, Шота Руставели, Пушкин, Сұлтанмахмұт, Жамбыл, Абай, Ілияс Омаров, Бауыржан, Мұхтар Әуезов... бұл тізімді онан әрі де соза беруге болады.

Осынау аттары аталған жандармен Қасым тұлғасында өзара ұқсастықтың, жақындықтың, рухани жарастықтың бар екенін көруге болады. Ыстық қанды Кавказ ақыны мен дауылпаз мінезді, қайсар Сұлтанмахмұт поэзиясы, тұңғыық тереңіне жан бойламас Абай поэзиясы мен сол ұлы ақын таңдаған Пушкиннің саф алтындай жауһар жырлары, бүкіл қазақ әдебиетіне философиялық, ойлы дүниелерді әкелген Әуезов даналығы мен қайтпас қайсар Горькийдің өршіл шығармалары — бәрі де белгілі дәрежеде Қасым поэзиясынан табылатынын аңғару қиын емес. Ал, осынау алуан түрлі стиль, түрлі ой толғаныстар ішінен ақынның өршіл рухқа негізделген асқар поэзиясын, өр даусын, азаматтық, ақындық биік тұлғасын бірден байқайсыз. Ақынды Германия жеріндегі қантөгіс, Испан жеріндегі оқиғалар толғанып, олар ақындық ер шаттықпен, адуын жыр шумақтарымен төгіліп-төгіліп беріледі. Қазақ жері, оның Сарыарқасы мен Жайығы, Көкше өңірі мен Талғар жағы, Шыңғыстау мен Бетпағы, тереңірек үңілсек, ақын қаламынан туған ғасырлардағы кеңістік ауқымын қана көрсетпейді, сонымен бірге мәңгібақи адаммен бірге жасасып келе жатқан қос ұғым — Жақсылық пен Жамандықтың өзара шарпысуын, кереғар қайшылықтарын да көрсетеді.

Қасым жырларында жоғарыда аталған, сәл бертінде өмір сүрген белгілі қалам иелеріне тән көркемдік ізденіс элементтерінен басқа ғасырлар қойнауынан ешкімге бастырмас өрлік бар. Халық аңыздарында Қазтуған қолбасы батыр. Өзі жайлы мадақ жырында:

Бұлыт болған айды ашқан,

Мұнар болған күнді ашқан [2; 98], —

деп шалқыған Қазтуғанның білегінің күші қаншалық болғанын біз білмейміз, ал ақындығына келсек, оның мұндай сөздерді айтуға толық хақысы болғандығы көрінеді.

Көркем сөз шебері Доспамбет жырау ескіден қалған мол мұра — қазақ әдебиетінің өсу-өркендеу тарихында елеулі роль атқарған суреткерлердің бірі.

Мысалы,

Айнала бұлақ басы тең

Азаулының Стамбулдан несі кем,

Азаулының Аймадеп Ер Доспамбет ағаның

Хан ұлына несі жоқ

Би ұлынан несі кем!

Тәңірінің өзі берген күнінде

Хан ұлынан артық еді менім несібем!

Азаулыда аға болған ерлер көп еді,

Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді! [2; 68].

Шалкиіз-жырау жырау болғанда өлеңмен не қарасөзбен сөйлеу бір қисап, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеген жыр төгіле берген жыраудың классикалық үлгісі:

Жақсының жақсылығы сол болар

Жаманмен бас қосып,

Сөйлемекке ар етер.

Жаманның жамандығы сол болар,

Сөйлесе дейім бетін қара етер.

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жақсы жамандығын жақсылыққа жыр етер.

Бір жаманға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жаман сырын сақламай,

Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер [2; 80].

Осы қатарда Ақтамберді жортуыл жыршысы, әулетті жырау да болған. Ақтамберді творчествосындағы ең басты сарын — ерлікке, батырлыққа шақыру, дұшпаннан именбеуге, тайсалмай шабуға жігерлендіру.

*Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап [2; 110].*

Осы жыршылардың философиялық поэзиясындағы биік рухты Қасым сонау ғасырлар қойнауынан алып шығып, өз уақытына алып келді. Өзі өмір сүрген ортаның сарабына салды.

Біреуге жақты, біреуге жақпады. Маркстік-лениндік әдіснаманың, социалистік реализмнің басты принципі етіп ұстаған ірі қағидаларына бағынбағандықтан, қуғынға ұшырады, түрлі талқылауларды, жігерін жасытатын іс-шараларды көзімен көрді. Алайда жасыған жоқ, сынған жоқ.

Ақынның көлемді дүниелері ішіндегі көркемдік нәрі мол, аса жоғары эстетикалық талап-тілекке жауап бере алатын туындыларының бірі де бірегейі — «Абдолла». (Ақын өлімі туралы аңыз» атты дастаны. Қасым ақынның шабыттана жыр төгуіне, ағыл-тегіл жыр тосқынын сынаптан суырылған семсерше онды-солды сілтеуіне себепкер боп тұрған мәселе — адам өлімі. Онда да — Ақын өлімі. Бұл жайт қос ақынның сырласуы іспеттес өмірден Ақын өтті. Майыспай, сынбай өр өліммен шәһит болды. Тек ақын ғана осылай өлуге тиіс. Яғни оның өлімі де қадірлі. Ақында барша адам баласы сияқты мінез бар. Мінез — сол адамның байлығы. Сондықтан да Қасым-ақын 1963 жылы жазған шағын ғана өлеңінде:

*Көңілім шарықтап бір кейде үйде,
Жырлаймын шалқып, басып әр күйге.
Шарпыған қызыл жалын мінезім бар,
Мейлің сүй, ерік өзінде, мейлің сүйме, —*

дейді [1]. Ақын өлімнен қорыққан жоқ. Өзі өлсе де, «Өлеңім өлмесе екен» деп тіледі. Жұмыр басты, екі аяқты пенденің өлімінен құтыла алмасын білген ақын өз өлеңдерінің ғұмыры ұзақ болуын мәңгібақи армандап өтті.

Ол арманы орындалды да. Қасым поэзиясы мәңгілікке бет түзеді. Онсыз да сайын сахарасы көсіліп жатқан алып кеңістік — Қазақ даласы қай уақытта, қай дәуірде болсын, тума таланттардан, тарлан тұлпардан кенде болмаған ғой. Ғұмыр кешкен кеңістігі бір болғанымен, уақыты жағынан әр кезеңнің ақыны болып табылатын талантты жандар әдебиетке араласты. Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекхожин, Ғафу Қайырбеков, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Сәкен Иманасов, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев, Кеңшілік ақын, Исрайыл Сапарбай, Иранбек ақын, Жүрсін Ерман, Ғалым Жайлыбай, Серік Ақсұңқарұлы, Ақұштан Бақтыгереева, Марфуға Айтқожина және тағы басқалар.

Ақын ақынды іздейді. Аңсап отырады. Сырласқысы келеді, мұндасқысы келеді. Әрине, шын талант туралы айтып отырмыз бұл жерде, әлдеқалай құлази қалған көңіліне өр Қасымның алып тұлғасы, өршіл поэзиясы келетіні және анық.

Жүрсін ақында мынадай өлең жолдары бар:

*Дегені қайда басылды құйын —
Ақылым жетпей
Ашиды миым:
Виноградов көшесіндегі
Қиратып жатыр Қасымның үйін!...
Тағы бір сауал тұрғандай ойда
Тахауи қайда?
Сырбайлар қайда?
Ақынның үйін қиратып жатыр?
Шырылдап бізбен бірге айғайламай ма!..
Дүлділім еді жыр көшіндегі,
Бауырын жазып бір көсілмеді.
Қиратып жатыр Қасымның үйін...
Біздің үй соның іргесінде еді... [2; 12].*

Классик қаламгер Теодор Драйзер дүниеден өткенде бір ақын досының жазғаны бар: «Драйзер дүниеден өтті. Уақыт өтер, замандар алмасар. Әдебиетке басқа адамдар, жастар, жаңа леп келеді. Олардың өзіне тән машық-мәнері болады. Сезімге негізделген, юморға құрылған дүниелер болмақ.

Ал, Драйзерде юмор болмағаны мәлім. Алайда соңғы буын бәрінен бұрын, Драйзерге қарыздар боп, Драйзерге алғыс айтатыны мәлім».

Қасымның ақындығы, шеберлігі туралы, күшті, әлсіздігі туралы біздің сыншыларымыз 40–50-жылдардың ішінде бірталай жазды. Біреулер Қасымды ешбір мінсіз ерекше жаратылған акын деп аспанға көтеріп, бірыңғай мақтау жолына салса, енді біреулер Қасым шығармаларында ешбір жақсылық көргісі келмейді. Оның көлеңкелі жақтарын қазбалады. Ірі акын туралы мұндай талас пікірлердің болуы заңды да. Талантсыз акынның шығармалары сын көтермей, ауызға алынбастан аяқсыз қалып жататын болса, Қасым шығармалары әрдайым әдебиет жұртшылығының назарын аударып отыруы бұл поэзияның қоғамдық, көркемдік маңызын көрсетеді [2; 382].

50-жылдардың бас кезінде Қазақстанда «Ұлтшылдыққа қарсы күрес» деген желеумен үлкен науқан өркені белгіленді. Оған негізінен Орталық Партия комитетінің «Ленинград», «Звезда» журналдары туралы Қаулысы мен «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік тұрғыда баяндалсын» деп аталатын «Правда» газетінің мақаласы себеп болған еді. Орталық Комитеттің нұсқауына сәйкес Қазақстан Компартиясы да жаңа құжаттар қабылдап, творчестволық Ұйымдарда «етек алған ұлтшылдыққа қарсы күрес» науқанын жүргізді. Мұхтар Әуезовтің, Қ.Сәтбаевтің, Ә.Марғұланнның Қазақстаннан қуылатыны осы кез. Қазақстан жазушылары шығармалары да осы тұрғыда қатты тексеріске түсті. Осылардың қатарында Ә.Тәжібаев, Қ.Аманжолов, Т.Бекхожин қатты сынға ұшырады.

Қасым Аманжолов бұл кезде науқас еді. Партиялығын қарайтын жиналысқа да акын ауру күйінде келіп қатысты. Акын кітаптарына одақ, баспа, редактор тарапынан «ревизия» жүргізілді.

Кей жерлері қысқартылды. Жекеленген ұнамайтын сөздер ауыстырылып қырағы редактордың өзгерісіне ұшырады.

Ұлтшылдық тұрғыда айыпталып, көңілі құлазып, жасып жүрген сыншы-ғалым жанынан көкіректе дендей түскен сырқаты мен ақындық қуатын тұсаулаған солақай сынның ызғарына қарамастан, Қасым да үнемі табылып отырған. Бұл жөнінде Е.Ысмайлов былай деп жазады: «1951 жылы Жазушылар одағында болған қатты бір сыннан кейін мен бірнеше күн сырқаттанып жатып қалдым. Қасым өзінің аурулығын елемей маған келіп, қасымда ұзақ отырып, әр алуан әңгімелерінің арасында:

*Жасып қайғы ойлама,
Тасып той тойлама.
Осы екен өмір жолы,
Жасың қырықтан асты,
Жастық қайрылмас-ты,
Денің де сау емес қой,
Болма енді әуесқой, —*

деген өлең жолдарын жатқа айтты. Маған да, өзіне де арналғандай сөздер еді». Е.Ысмайловтың Қасым өмірі, ақындығы туралы 1956 жылы жазылған «Өмір мен өлең» зерттеуінің ғылыми сипатына емес, орынсыз датталып, қисынсыз қиястың көрген Қасым өмірінің бізге беймәлім қырларына үңілген тұстарына барынша назар аударамыз. Мұның өзі қос таланттың сыйластығын, достығын көрсету мақсатында ғана емес, кешегі идеологияның талай дарын мен жайсаңның тағдыр-талайына қаншалықты қиястық пен қысастық жасағанын, ашығын айтқанда, жұртшылыққа белгілі. Бірақ қиын болса да, мұны қиып тастағың келмейді. «Егер адам әдебиетті жан тәнімен сүйетін болса, ол бұл қиын жанрдың ыстық-суығына да бірдей көнуге тиіс», — деген Есмағамбет Самұратұлының 55 жасында өмірден ерте кетуінде де тоталитарлық өктемдік дағы жатқанын жасыруға болмайды [3].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сматай С. Қасым Аманжоловтың 90 жылдығына арналған монография. — Қарағанды, 2001.
- 2 Мағауин М. Алдаспан. — Алматы: Жазушы, 1971.
- 3 Ысмайлов Е. Акын және революция. — Алматы: Жазушы, 1983.

З.К.Сатова

Национальный дух в произведениях Касыма Аманжолова

В статье рассмотрены произведения Касыма Аманжолова с точки зрения современных литературных течений. Автором дан обзор научных исследований по творчеству К.Аманжолова. Проанализированы духовное и культурное наследие поэта, произведения, в которых ярко выражен национальный дух казахского народа.

Z.K.Satova

National spirit in the works of Kasim Amanzholova

The article discusses the work of Kasim Amanzholova from the point of view of modern literary trends. The author reviews the research on the works of K.Amanzholova. Analyzes the spiritual and cultural heritage of the poet, works in which pronounced the national spirit of the Kazakh people.

УДК 070

В.Т.Абишева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова (E-mail: vera.abisheva@mail.ru)

Профессиональный кодекс как инструмент саморегулирования

В статье рассмотрен процесс развития журналистской практики, где обнаруживается всё больше областей, нуждающихся не в законодательных, а в этических нормах, не в государственном контроле, а в журналистском саморегулировании. Автор статьи проанализированы многочисленные документы, нормирующие редакционную жизнь, отношения между журналистами, правила поведения журналиста в разных ситуациях профессиональной деятельности.

Ключевые слова: кодекс, законодательный орган, этические нормы, редакционная жизнь, поведение журналиста, инструмент саморегулирования.

Новые глобальные информационные стратегии не только открывают невиданные ранее возможности для развития человека, но и одновременно ставят перед ним сложнейшие проблемы, связанные с рационализацией мышления. Многие как отечественные, так и зарубежные учёные считают, что процессы глобализации должны быть управляемы и направляемы, исходя не только и не столько из новых технологических открытий, сколько из этики ответственности. В век информации и постоянного развития инновационных технологий это напрямую касается и деятельности журналистов. Коммуникации, на первый взгляд, имеют опосредованное отношение к этике, но их развитие кардинально меняет условия жизнедеятельности и, соответственно, состояние конкретного сообщества, когда речь идет об обмене информацией на национальном и международном уровнях. В этой связи невозможно не учитывать возрастающую социальную ответственность средств массовой информации перед адресатом.

Сознавая, что медийное общение осуществляет связь между людьми сквозь времена и расстояния, исследователи на разных этапах истории проявили интерес к проблемам осмысления феномена коммуникации, направленной на взаимопонимание, и внесли существенный вклад в развитие теории.

Концепции моральных отношений в обществе, этики как теоретической науки, её основные положения впервые системно изложил Аристотель, справедливо считающийся основателем многих наук. Другой великий учёный — аль-Фараби, который сблизил и синтезировал в своём творчестве ценнейшие достижения греческой, арабской, персидской, индийской, тюркской культуры, утверждал, что тому, кто стремится познать науку мудрости, необходимо с молодых ногтей быть воспитанным, нравственным, благоразумным, правдивым, изучать Коран и Закон.

Этическая проблематика, вопросы коммуникации занимают значительное место в произведениях казахских просветителей. Главным в их учениях были призывы к высокой духовности, нравственности, культуре, воспитанию, получению качественных знаний, что должно способствовать развитию общества и каждой личности. «Слова назидания» великого Абая, которые отражают мировоззренческую и просветительскую позиции мыслителя, не только сыграли огромную роль в развитии художественной прозы, но и дали мощный толчок формированию общественной национальной мысли. Размышляя о гражданском долге, о высоком предназначении человека, он излагает общественно-политические взгляды, поднимает правовые, нравственные проблемы. Большое значение его заветы имеют в приобщении молодёжи к духовным истокам народной мудрости. Осуществляя свои творче-

ские замыслы, люди преображают природу; изменяя общество, сами совершенствуются. Эти установки и сегодня можно принять за программу формирования деонтологической готовности гражданина к общественной деятельности.

Истоки деонтологии как предметно-содержательного понятия возникли как некий свод знаний о должном поведении в глубокой древности. С давних пор была осознана необходимость регулировать профессиональную деятельность посредством правил и нормативов, выработанных внутри самого профессионального сообщества. Многие учёные, философы древности размышляли о профессиональной состоятельности науки и её юридическом закреплении. Мыслитель и врач Гиппократ впервые сформулировал морально-этические и нравственные нормы профессии врача. Впоследствии этот труд, благодаря которому автор приобрёл мировую известность, был принят многими учеными и стал именоваться «Клятва Гиппократа» (5–4 вв. до н.э.). Конечно, исторические и социальные условия, классовые и государственные интересы членов общества сменявшихся эпох многократно трансформировали это произведение. Возможно, до нашего времени оно дошло несколько в ином виде, чем было задумано. Тем не менее, сама идея, основные положения этой теории, ставшей основой деонтологического документа, актуальны и сегодня во всём мире. Об этом свидетельствует тот факт, что участники Первого международного конгресса по медицинской этике и деонтологии, проходившего в 1969 году в Париже, сочли возможным дополнить «Клятву» только одной фразой: «Клянусь обучаться всю жизнь».

Характерно, что подобные своды норм и правил на основе профессиональной системы ценностей, нравственных принципов возникали в разных сферах деятельности в разных странах.

В России впервые М.В.Ломоносов в статье «Рассуждение об обязанностях журналистов при изложении ими сочинений, предназначенных для поддержания свободы философии...», опубликованной в 1755 году в амстердамском журнале, сформулировал морально-этические и нравственные нормы профессии журналиста, а также его место в обществе. Характерно, что профессиональную этику, которая зародилась в рамках конкретных видов деятельности и выступающую в качестве нормативного начала в поведении специалистов, он рассматривает не только как науку об особенностях морали человека, о нравственных аспектах его труда, но и как свод норм и правил профессиональной морали, как синоним совокупности журналистских кодексов. Это стало началом научной разработки профессионально-этических проблем журналистики в России.

Следует подчеркнуть, что этических норм журналиста, сформулированных и закреплённых на бумаге, в то время не существовало ни в одной стране мира. М. В. Ломоносов первым ощутил необходимость их создания и впервые изложил правила для русской аудитории, которыми, по его мнению, должны руководствоваться журналисты, и которые, кстати, сегодня присутствуют в том или ином виде во всех кодексах журналистской этики масс-медиа XXI века. В разные периоды развития общества, в разных странах исследователи подтверждали в своих трудах, что принципиально важные вопросы журналистской этики учёный рассматривает с позиций общечеловеческой нравственности. Добросовестный во всём, за что бы ни брался, Ломоносов и в сфере массовой коммуникации проявил себя человеком, отвечающим за свои поступки, требуя того же и от других. В статье изложены бесспорные положения, весьма актуальные для понимания и изучения профессиональной этики журналиста и сегодня. Равно как важны и другие его научные труды о взаимоотношениях людей в обществе, о долге и ответственности.

В ряде научных исследований этот труд называют то первым кодексом профессиональной этики российского журналиста, то деонтологическим кодексом. Однако профессор Д.С.Авраамов выразил несогласие с такой трактовкой, объясняя это тем, что кодексом могут быть названы только те правила, которые поддерживаются профессиональной корпорацией, а её в России в XVIII веке, как известно, не было [1; 37, 38].

Первые институты этического регулирования, названные кодексами, стали появляться на рубеже XIX и XX веков в таких областях деятельности, которые имели дело с массовым информированием адресата в сфере общественно важных новостей. Первым писанным кодексом обычно считают «Хартию поведения», принятую в 1918 году во Франции Национальным синдикатом журналистов. Однако, как утверждает финский исследователь Ларс Бруун, впервые этический кодекс был положен на бумагу в Швеции около 1900 года. Правда, он не получил распространения.

В процессе развития журналистской практики постепенно обнаруживается всё больше областей, нуждающихся не в законодательных, а в этических нормах, не в государственном, а во внутрикорпоративном самоконтроле, в журналистском саморегулировании. Это вызвало к жизни многочисленные

документы, нормирующие редакционную жизнь, отношения между журналистами, правила поведения журналиста в разных ситуациях профессиональной деятельности. Опыт формирования отраслевых «кодексов чести» распространен в мировой практике.

Конечно, ни один даже подробный кодекс не способен предусмотреть всё своеобразие ситуаций, в которые попадает журналист. Однако писанные кодексы ориентируют журналиста, помогают ему чётче представить границы дозволенного. Благодаря им, в профессиональной среде складываются единые требования к поведению коллег, здоровое общественное мнение.

Таким образом, деонтологические документы занимают особое положение в системе общественных правил. С одной стороны, они не предусматривают такого жёсткого способа организации социального контроля, как например, судебный, для законодательно утвержденных норм. С другой стороны, например, этические нормы могут существенно ограничить личную свободу человека, более или менее строго регламентируя его действия.

В мировой науке существуют разные точки зрения по этому вопросу. Согласно версии, сформулированной американским учёным Д.Мэррилом, журналистов не волнует правильность или неправильность их поступков в процессе работы: «Самолюбие и макиавеллизм — вот силы, которые движут их действиями» [2; 222]. Далее, согласно этой логике, следует: этические кодексы абсолютно бесполезны и существуют только для успокоения общественности. Журналисты нередко нарушают право человека на личную жизнь, искажают цитаты, пользуются только той информацией, которая подтверждает их собственную предвзятость.

В соответствии с иной версией, сформулированной другим американским учёным Э.Дэннисом, этичное поведение, несмотря на наличие досадных исключений, является в прессе нормой, поскольку в любом случае «журналистами осознаётся необходимость соблюдения этических норм в профессиональном поведении» [2; 223]. К этому неизбежно приводит ответственное отношение автора при сборе информации и точность в процессе подготовки материала. Как отмечается в его исследовании, обычно журналисты, не выполняющие установленные правила, недолго держатся на своих рабочих местах, поскольку в зарубежной медиа-сфере принято следовать принципам и предписаниям профессиональной этики.

Бытует мнение, что нравы профессиональной среды зависят, прежде всего, от господствующих в обществе отношений. Поэтому благородные принципы, сформулированные в кодексах, часто входят в противоречие с интересами газетного бизнеса и политическими целями издателей. Это обстоятельство толкает журналистов на нарушение профессиональной этики и, более того, делает такие нарушения массовыми.

Не значит ли это, что, если кодексы профессиональной этики не везде, не всеми и не во всём выполняются, то они вообще бесполезны? Вот мнения некоторых авторитетных учёных и журналистов.

«Нет, — отвечает Д.С.Авраамов. — Само их существование и авторитет в глазах общественности вынуждают нарушителей избегать крайностей и мешают росту профессионального цинизма» [1; 57].

Известный российский журналист Н.В.Вайонен утверждает, что «кодекс более полезен, чем вреден, и нужен суд чести, правда, без карательных функций» [3; 193]. А.И.Цитовский исходит из того, что для преодоления всякого рода внутри редакционных конфликтов, интересов, необходимы уставы типа кодекса поведения персонала [3; 241].

Высказываются суждения, что самая большая проблема кодекса в том, что этот механизм саморегулирования СМИ практически не освоен. Отдельные журналисты не знают кодекс, не изучают его, а даже те, кто знает, просто пока не готовы его соблюдать.

О ситуации в казахстанской журналистике пишет доцент КазНУ им. аль-Фараби Е.И.Дудинова: «До 2002 года о казахстанском этическом кодексе говорили гипотетически, кивая на соседей, российских журналистов, которые успели создать за период независимости несколько морально-регулирующих документов... И здесь мнения казахстанских служителей пера и микрофона разделились: первые искренне считали, что принятие кодекса чести навсегда искоренит всё неэтичное» в рабочей каждодневности журналиста; вторые — видели в новом кодексе очередного монстра, ограничивающего права журналистов... Президент Казахстана неоднократно обращался к вопросу выработки кодекса чести журналистов, их особой роли в построении демократии, сохранения стабильности и мира в полиэтническом государстве» [4].

Проанализировав довольно большое количество теоретических источников, приходим к выводу, что кодекс этических норм, даже там, где он официально принят, в ряде журналистских организаций, к сожалению, не всегда соблюдается по нескольким похожим причинам.

Во-первых, отдельные сотрудники средств массовой информации по разным причинам его не изучали. Во-вторых, практика показывает, что начинающие журналисты не всегда задумываются о последствиях своих действий, а сверить поступки с постулатами, изложенными в кодексах, им не приходило в голову. В-третьих, некоторые, в силу своеобразного видения картины мира, в своей работе неадекватно обстоятельствам расставляют приоритеты.

В этой связи, нельзя не согласиться с мнениями, которые бытуют в среде и учёных, и журналистов, о том, что правильно бы было, если бы журналисты в начале своей творческой карьеры, или ещё будучи студентами факультетов журналистики, клялись соблюдать деонтологический кодекс, как это происходит у студентов медицинских вузов, которые дают клятву Гиппократу. Тогда, возможно, и ответственность за публикации в СМИ была бы выше.

В чём польза саморегулирования для прессы? Утверждая стандарты, саморегулирование содействует сохранению доверия общества к средствам массовой информации. «Саморегулирование СМИ, — уверен венгерский журналист и правозащитник Миклош Харати, — помогает убедить общество в том, что свободные средства массовой информации не безответственны» [5; 13].

Этические нормы действуют не столь строго, как законодательные, не только потому, что не подкреплены угрозой судебного или иного административного преследования. Дело в ситуациях, «частностях» и «деталях», требующих профессионально-этического, а не профессионально-юридического разбирательства.

На сайте «Право и средства массовой информации» [6] представлено более 150-ти различных кодексов профессиональной этики: международных; кодексов отдельных стран; разных видов средств массовой информации; отдельных СМИ. Их сравнительный анализ показал, что почти все они отличаются друг от друга степенью обобщенности требований, предъявляемых журналисту, разными по степени чёткости и категоричности формулировками, объёму. Одни включают только общие принципы, другие дают конкретные рекомендации поведения в той или иной ситуации. Основа всех этических кодексов журналистов — совокупность представлений о главном содержании профессионального долга. В то же время нельзя не заметить, что большинство индивидуальных кодексов различных видов СМИ на самом деле повторяют друг друга или являются вариациями международного профессионального кодекса.

Исследование теоретических источников, газетно-журнальных статей позволяет сделать вывод, что мнения учёных и журналистов по вопросу о том, могут ли в одной стране сосуществовать разные кодексы, также далеко не однозначны.

«Да, могут, — отвечает омбудсмен Явуж Байдар. — Газеты, радиостанции, телевизионные каналы и сайты Интернета также многообразны и изменчивы, как само содержание журналистики. Каждое средство массовой информации может разработать собственный кодекс, исходя из своих потребностей» [5; 27].

Российский журналист Э.М.Сагалаев тоже выступает сторонником кодексов конкретных СМИ (наподобие того, что есть в Эн-Би-Си), фиксирующих правила профессионального поведения в конкретных ситуациях. Такое же мнение высказывает и другой россиянин — сотрудник журнала «Журналист» Н.Михайлов: «Одно дело — некий общий моральный кодекс, выполнение которого от тебя напрямую никто не требует, и совсем другое — когда этические требования действуют как обязательные именно в твоей редакции» [7].

Профессор Е.П.Прохоров, приводя ряд аргументов, приходит к выводу, что, возможно, нужен не один, а несколько деонтологических документов: «Как ни сложна ситуация, как ни остры противоречия, как ни различны предложения, легко заметить три обнадёживающих обстоятельства.

Первое — трудности возникли и разногласия выявились лишь относительно кодифицирования норм, так или иначе выходящих на политико-идеологические различия в позициях журналистов разных лагерей. Второе — споры не касаются норм юридического характера, общих значений признанных принципов (например, объективность), профессионально-творческих правил, административного и дисциплинарного регламентирования и др. Третье — необходимость сводов «правил честной игры» в принципе никто не отрицает. Четвёртое — несмотря на сомнения, число разного рода регламентирующих документов растёт... Развитие деонтологического сознания журналистов может со временем

привести к созданию Хартии СМИ — действительной и действенной журналистской конституции, — уверен Е.П.Прохоров [8].

Другие высказывания ученых и журналистов сводятся к тому, что один конкретный, коллегиально принятый кодекс, получивший широкое одобрение по всей стране, может служить основой различных видов отдельных кодексов. Так, многие западные СМИ, взяв за основу декларацию принципов поведения журналистов, разработанных Международной федерацией журналистов, не ограничиваются ими и составляют свод этических правил для своих сотрудников.

Президент Академии журналистики Казахстана, профессор С.К.Козыбаев считает: «Культуру своего поведения журналист должен формировать сам. Проще говоря, кодекс для всех журналистов, так же, как и клятва Гиппократ для медицинских работников, должен быть один...» [9].

Согласно кодексу этики, принятому на совместном заседании правления Союза журналистов Казахстана и Клуба главных редакторов 30 октября 2012 года, журналист должен действовать в интересах профессии, свободы слова и информации, сохранения внутривнутриполитической стабильности, национальной информационной безопасности, межконфессионального и межнационального согласия. Кодекс должен стать стимулом к дальнейшему развитию казахстанской журналистики, общему повышению культуры в стране и социальной ответственности в обществе.

В своём выступлении на XI Евразийском медиа-форуме 25 апреля 2013 года Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев подчеркнул значимость масс-медиа в XXI веке как важного фактора укрепления единства общества, обеспечения уверенного движения нашей страны по дороге прогресса: «В целом, повышение роли медиа-сферы ведёт к рождению новых СМИ, которые я бы назвал «средствами массовых инноваций», формирующими высокие стандарты развития не только в экономике, но и политике, социальной жизни, духовно-нравственном состоянии общества. В этом я вижу главную миссию и национальных, и глобальных масс-медиа в XXI веке» [10].

Мир преобразуется, меняются и медиатехнологии, но неизменны законы нравственности. В условиях глобализации, в процессе конвергенции, при самых «продвинутых» технологиях категории, которые великие мыслители и просветители всех времён и народов предложили положить в основу журналистской профессии, такие как профессиональный долг, добросовестность, ответственность и т.д., сегодня имеют непреходящую ценность.

Список литературы

- 1 Авраамов Д.С. Профессиональная этика журналистики. — М.: Изд-во Москов. ун-та, 1999. — 255 с.
- 2 Дэннис Э., Мэррил Д. Беседы о масс-медиа. — М.: Вагриус, 1997. — 328 с.
- 3 Становление духа корпорации: правила честной игры в сообществе журналистов / Под ред. В.И.Бакштановского, Ю.В.Казакова, А.К.Симонова, Ю.В.Согомонова. — М., 1995. — 376 с.
- 4 Дудинова Е.И. Медиаэтика: Казахстанский вектор // Вестн. КазНУ. Сер. журналистики. — 2004. — № 1,2. — С. 15,16.
- 5 Путеводитель по саморегулированию СМИ / Бюро представителя ОБСЕ по вопросам свободы СМИ Миклоша Харасты. — Вена, 2008. — 116 с.
- 6 <http://www.medialaw.ru/selfreg/13/index.htm> — Кодексы профессиональной этики журналистов, сайт «Право и средства массовой информации».
- 7 Михайлов Н. Приглашаем в рубрику «Этика журналиста» // Журналист. — 2009. — № 2. — С. 63.
- 8 Прохоров Е.П. Журналистика и демократия. — М.: Изд-во РИП-холдинг, 2001. — С. 264–267.
- 9 Козыбаев С.К. О кодексе духа, или об уроках Конгресса журналистов // Вестн. КазНУ. Сер. журналистики. — 2004. — № 1,2. — С. 27.
- 10 http://akorda.kz/ru/page/page_213678_vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-na-xi-evraziiskom-media-forume. — Р. 27.

В.Т.Әбішева

Кәсіби кодекс өзін-өзі реттеу құралы ретінде

Мақалада кәсіби кодекс өзін-өзі реттеу, ұйымдастыру құралы ретінде сипатталды. Қазіргі журналистика тәжірибесінде заңдық тұрғыдан ғана емес, этикалық нормалар тұрғысынан реттеуді қажет ететін, сондай-ақ мемлекеттік бақылау емес, журналистің өзін-өзі реттеу мәселелері пайда болуда. Автор редакция жұмысын реттейтін көптеген құжаттар мен журналистердің бір-бірімен арақатынасын, кәсіби қызмет барысындағы журналистің тәртіп ережелерін нормалайтын құжаттарды талдады.

V.T.Abisheva

Professional code as instrument of self-regulation

The article deals with the process of journalistic practice, which is found more and more areas in need are not in the legislative, and ethical standards, not state control, and self-regulation in journalism. The author analyzes the numerous documents, normalizing editorial life, the relationship between journalists, the rules of conduct for journalists in different situations profession.

ӘОЖ 070

Қ.Д.Асанов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: Kamashke_64@inbox.ru)***Халық шығармашылығының ақпараттық табиғаты**

Мақалада халық шығармашылығының деректілік, насихатшылдық қырлары нақты мысалдар арқылы айқындалды. Халық шығармашылығының көне түрлеріндегі наным-сенімдер мен сол уақыттағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, дәстүр-салты оның ақпараттық табиғатын ашу арқылы жан-жақты сараланды. Сөз өнері түрлері, оның ішінде айтыс жырларының мәтіндік нұсқаларының ақпараттық сипатына ғылыми пайымдаулар жасалды.

Кілт сөздер: сөз, өнер, ақпарат, айтыс, халық шығармашылығы, дерек, насихат.

Кез келген рухани немесе материалдық құндылықтардың алғышарттары ой-сана таразысында пісіп жетілгенімен, оның өмірге келіп, адамзат кәдесіне жарауы сөз (тіл) арқылы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманат, жәдігер болып қалатындығы белгілі.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би», — деген халық даналығы бекерге айтылмаса керек. «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Сөз — сүйектен, таяқ еттен өтеді», «Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», — деп сөз қадірін ертеден түйсінген халқымыздың өмір сүру философиясының түп төркіні де сөзбен, тілмен байланысты дамыған.

Қазақтың кең байтақ даласында тіл тұтастығының сақталуы да көшпелі жұрттың сөз өнеріне деген өзіндік ықыласын танытса керек. Алтай таулары мен Маңғыстаудың қойнауында қоныстанған қазақтың тілі де, ділі де, діні де ортақ. Әрине, тілде аздаған диалект болуы мүмкін, бірақ ол жалпы тұтастыққа ешқандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Атшаптырым аймақта қоныстанған көптеген ұлт-ұлыстар бір-бірін тілмашсыз түсіне алмайтын жағдайлар болады. Еуропаның бес бірдей мемлекеті сиып кетердей аумақта отырған қазақ халқының ұлттық болмыс, нақыш бояуларының ғасырлар бойы өз сипатын жоғалтпай тұтастығын сақтауы таң қаларлық құбылыс. Әрине, зерттеуші-ғалымдарымыздың, тарихшыларымыздың бұған айтар уәж, пікірлері мол. Ең алдымен, көшпелі жұрттың бір-бірімен қоныстас болып, аралас жүруі — тіл тұтастығы сақталуының негізгі алғышарты, — дейді. Бұл уәжді біз де қолдаймыз. Дегенмен де пошта, телеграф сияқты байланысы жоқ көшпелі

дәуірде ел мен жердің, тілдің тұтастығын сақтап қалуда, далалық ақпарат таратудың рөлі қандай болған деген әуестік әркімдерді де қызықтырады хақ.

Белгілі журналист-ғалым Қ.Шамақайұлы «Азаматтық журналистика бізге жат емес» атты ғылыми мақаласында: «...Азаматтық журналистиканың дәстүрі, тарихы тым әріде жатқанын аңғару қиын емес. Мерзімді баспасөз пайда болудан бұрын қоғам өміріне, заман ағымына баға берген, оның дамуына ықпал еткен еш нәрсе болмады деуге келмейді. Журналистикадан бұрынғы кезеңдерге жатқызылатын ауыз әдебиеті, жазба мұралардың өзінде қазіргі журналистиканың элементі жоқ деп айта алмаймыз» [1], — деп пікір білдіреді.

Сондай-ақ зерттеуші-ғалым қазақ халқының ежелгі мәдениетінде, көшпелі өмір салтында да адамзаттық журналистиканың классикалық үлгісінің элементі жатқандығын айтады. Бұдан әрі автор өз сөзін: «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал барып сәлем береді» деген сөздің түпкілікті мәнін сапардан оралған жан мейлі үлкен болсын, мейлі кіші болсын оның көпті көретіндігін, көрген-білген адамда жақсылықтың (ақпараттың) болатындығын, жаңалықты білудің, хабар-ошар алудың маңыздылығын осы бір ауыз сөздің өзі меңзеп тұрған жоқ па? деген ойларымен сабақтастырады.

Зерттеуші-ғалым Гауһар Әлімбек «Сөз мағынасы және ақпарат» атты ғылыми еңбегінде сөздің ақпараттық сипатын былайша саралайды:

- «Сөз — ақпарат сақтаушы тілдік бірлік;
- сөз — ақпарат жеткізу немесе тарату құралы;
- сөз — ақпарат алу құралы;
- сөз — ақпарат алмасу құралы;
- сөздің грамматикалық мағынасы және ақпарат» [2].

Жалпы, тіл, сөз өнері туралы тереңнен толғап, зерделі ой-пікір білдірген ұлттың ғұлама ойшылдары, ғалым-жазушылары көптеп саналады.

Белгілі тілші-ғалым Х.Нұрмұқанов өзінің «Сөз және шеберлік» атты зерттеу еңбегінде осы жайға жан-жақты тоқталған.

«Сондай-ақ бұл проблема «Сөз өнері», «Өрелі өнер», «Жазушы және сөз мәдениеті», «Сөзстан», «Стиль сыры», «Журналист және өмір», «Қаламгер және уақыт» жинақтарымен белгілі ақын, жазушыларымыздың, сыншыларымыздың, ғалымдарымыздың (мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы», Ғ.Мұстафиннің «Ой әуендері», Ә.Тәжібаевтың «Өмір және поэзия», «Жылдар, ойлар», Т.Нұртазиннің «Шеберлік туралы ойлар», Б.Кенжебаевтың «Шындық және шеберлік», З.Қабдоловтың «Жебе», Қ.Мырзалиевтің «Сөз сиқыры», М.Балақаевтың «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері», Н.Уәлиевтің «Сөз мәдениеті» т.б.) еңбектерінде қаралып, әсіресе «Қазақ әдебиеті» газетінің «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Шеберлік туралы әңгімелейміз» рубрикалары желісінде ұзақ жылдар бойы үзілместен сөз болып келеді» [3; 7].

Бұл келтірілген деректер 1987 жылға дейінгі уақыттың кейбір еңбектерін қамтыса, 1985 жылғы сәуір самалынан кейінгі қазақ тілінің тағдыры туралы тереңнен қаузап, ашық, батыл жазылған шығармалар қаншама?

Сөз, тіл өнері, оның тағдыры туралы жазылған, айтылған толғақты пікірлер жүздеген X томдарға жүк болары сөзсіз.

XIX ғасырда қазақтың ойшыл ақыны Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» десе, XX ғасырдың басында А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллиндер ұлт тіліне, сөз өнеріне қатысты ұрпаққа ұлағат болар толғамды пікірлер айтқан болатын. Алыптар тобының бұл аманатын М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндер тереңдете түсті.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері, ұлт зиялысы А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде сөз өнері, тіл қисыны, сөз өнерінің ғылымы туралы теңдессіз теориялық қағидалар жазды.

«Тіл күшіне өлшеу жоқ, тіл көркемдігіне теңеу жоқ. Тіл өлгенді де тірілтеді. Әлдеқашан қайтыс болған прототиптерді тіл жасаған ұлттық образдар тірілтіп көз алдыға әкеледі. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір. Сөз құдіреті ғажап: алтынды мыс, мысты алтын етіп көрсете алады. Тас жүректі қорғасындай балқытып, балқыған қорғасынды тастай ете алады. Кірлі көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлей алады. Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы — бәрінен сенімді байлық. Мұралардың ең қымбаттысы — сөз. Сөз Күн шалмас қараңғы көңілді шалады, Күн жылытпас суық көңілді жылытады. Сөз құдіреті ақты қара, қараны ақ етуге жетеді. Асыл адам да, асыл нәрсе де тозады, жоғалады.

Асыл сөз мәңгі жасайды» (Ғ.Мұстафин) [3; 14]. Адамзаттың асыл қасиеті — сөз өнерін осылай деп бағалайтын болсақ, сөздің асылы мен жауһарының алтын қазынасы саналатын айтыс ақындарының, жыраулардың шығармашылық жәдігерлері халық үшін таптырмас құнды дүние болмақ.

Халық публицистикасының қалыптасу, даму жолдарын тереңнен қаузап, зерттеген ғалым Б.Жақып бұл туралы өз еңбегінде былай көрсеткен: «Мемлекеттің пайда болуымен бірге қоғамдық өмір де күрделене түсті, түрлі саяси құрылымдар мен кәсіби саясаткерлер орын алды. Дәл осы кезде қоғамдық ақпаратты таратуда қалың бұқараның ішінен өзінің көсемдігімен, ақыл-ой, парасаттылығымен оқшауланып, суырылып шыққан шешендер белсенді рөл атқарды» [4].

Қазақ ауыз әдебиеті тарихын зерделер болсақ, сөз өнерінің тізгінін ұстаған би-шешендер, ақын-жазушылар өздері өмір сүрген қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайынан немесе халық мүддесінен тысқары болмаған. Қайта олар сол қоғамның барлық қайшылықтары мен мақсат-мұраттарын өздерінің рухани шығармашылығына арқау еткен.

Атадан балаға мирас болып, ғасырдан ғасырға ауысып фольклор үлгісінде қазіргі заманға жеткен халық шығармашылығының асыл жәдігерлері әр кезеңнің, әр қоғамның болмыс-бітімінен сыр шертіп, бүгінгі ұрпақты белгілі дәрежеде ақпаратпен қамтамасыз етті. Мәселен, «осыдан шамамен ХХХ ғасырдай бұрын Еділдің шығысындағы ұлы Тұран жерінде, мал баққан спитама жұртында, киіз туырлықты көшпелі Порушоспаның отбасында дүниеге келген, адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар, ақын Заратуштра:

*Біз тұлпарлары қанатты,
Мәңгілік жарыққа,
Күнге, сиынамыз.
Күн жарық шаиқанда,
Күн жылу шаиқанда,
Жүз мыңдағандар
Құдіретті сезінеді,
Содан соң Мазданың
Сыйлаған жерінде
Жарық-нұр салтанаты үшін
Бақытын табады әркім,
Бақыт сыйлайды әркім [5; 14].*

Көне түркі тегін, тарихын, дәстүр-салтын зерттеуші-ғалымдар осыдан отыз ғасырдай бұрын өмір сүрген Заратуштра ақынның осы мұралары арқылы, қажетті ақпарат, мәлімет алары сөзсіз. Сондай-ақ Заратуштра заманындағы бағзылық бабалардың діни наным-сенімдері тұрғысынан да біраз сырды аңғаруға болады.

Екі мың жылдық дала жырын зерделей отырып, халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, қоғамдық болмыс-бітімі мен ой-өрісінің кемелдігін тануға жетерлік мол ақпарат қоры бар екендігіне көз жеткіземіз.

Сөз (тіл) қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сондай-ақ насихат жыршысы да. Жоғарыда келтірілген Заратуштра ақынның жырынан біз тек ақпарат қана емес, сол заманның идеологиялық, яғни, насихатшылдық бояуын да байқаймыз.

Біздің заманымызға дейінгі 760 жылдар шамасында өмір сүрген Қарлұқ Кегменер Үлгеұлынан қалған мұраға зер салып көрелік:

*Шығыстан келген қорқаулар тонауда туған жұртымды,
Құтқарар шара таба алмай, жүрегім менің бұлқынды.
Сүліктей сорып қандарын, өшірді талай түтінді,
Ұмытқалы қашан, бауырым, тамаша менен күлкіні.
Үстінде лыпа, қамбада түйір дәні жоқ,
Сонда да қиын боп тұр-ау толтыру апан-құлқынды.
Ерте ме, кеш пе, сенемін, бізге де бір таң атар,
Көрерме ем сонда тіріліп, «менменсінген шіркінді [5; 18].*

Есте жоқ ескі дәуірден бүгінге жеткен осынау жыр-жәдігер қадым заманның қатыгез тарихынан сыр шертіп, бабалардың зар-мұңынан хабардар етіп тұрған жоқ па?

VII–VIII ғасырларда тасқа таңбаланған бабалар аманаты сол дәуірдің тарихи тұрпатын ғана баяндап қоймайды, сондай-ақ бағзылық бабаларымыздың адами болмыс-бітімі, ақыл-ой

кемеңгерлігінен де мол мағлұмат береді. Орхон ескерткіштері деп аталатын «Күлтегін», «Тоныкөк» жазбалары бүгінгі ұрпаққа жетіп отырған рухани құндылықтарымыздың асыл жәдігерлері емес пе?!

«Жаксының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, сөз өнерінің өшпейтін құдіретіне тағы да куә болып, риясыз бас иесін.

«Дала поэзиясы — қазақи дүниетануды түсінудің, халықтың өзін-өзі тануының қайнар бұлағы. Мұнда дүниенің қазақи ұлттық түсініктегі бейнесі, философиялық және поэтикалық астары қабыса, асқан көркемділікпен кестеленген. Халқымыздың кемел ойы, пәк гуманизмі, асыл мұраты, терең сезімі, ұлт болып ұйысу тарихы, өкініштері мен сүйініштері — бәрі оның поэзиясында сайрап жатыр. Қазақ поэзиясы — қазақ халқының рухани эволюцияның шежіресі іспетті» [5; 7].

XII ғасыр өкілі әйгілі Қожа Ахмет Иассауи заманына зер салып көрелік:

*...Ей, мұсылман, тағат қылсаң, танбаған,
Ғазиз жаның — аманаты Алланың.
Харамдықпен, ұқ, жиган мал — жалғанын,
Қарыш атты жылан қылар малыңды.*

*Дәуришпін деп жұрт алдында дәрілдеп,
Жүз құбылып зар жүгірер әркімге.
Құдай үшін құлдық ұрмай нарқың не,
Шын дәуриштің тау мен шөп қой мекені... [5; 49, 50].*

Қожа Ахмет Иассауи заманы ежелгі қазақ даласында өзін исламның кең қанат жаюымен қарастырылатыны да сол уақыттардан жеткен рухани жәдігерлердің ақпараттық, насихатшылдық сипатынан деп түсінгеніміз ойымызды қуаттай түседі.

Кенестік идеология, коммунистік көзқарас аз ұлттарды бұратана халық деп есептеп, олардың жазу-сызу өнері, ғылым-білімі болмаған, жабайы көшпенділер деп қарауы тәуелсіздік таңы атқанға дейін жалғасты. Шовинистік пиғылдағы, кеудемсоқ Еуропа зиялыларының кейбір «ғалымдары» Шығыс жұртына, оның ішінде Орта Азия халықтарына менсінбеушілікпен қарау әдеті әлі де салқынын сездіруде. Заман түбегейлі өзгеріп, ақ дегенің адал, қызыл дегенің қаныпезер болып жатқан тұста, ұлт тарихын әділдік таразысына қайта тартып таразылайтын ақиқат заман туды. Ел тәуелсіздігі түп-тамырымызға терең үңіліп, оны ақиқат тұрғысынан тануға мүмкіндік беріп отыр. Тегіміздің текті болғанын енді танып, біліп жатырмыз. Білім мен ғылымның адамзат үшін қандай қажет екендігін бабаларымыз ертеден-ақ айтып, насихаттағанын көнеден жеткен рухани жәдігерлеріміз арқылы біліп, байыптай бастадық.

«Ахмет Жүйнеки XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген ақын. Өз заманының білімпаз оқымыстысы болғандықтан, ақынды «Әдиб Ахмет» (*әдиб* — оқымысты, жазушы) деп атаған. Толық аты-жөні — Әдиб Ахмет ибн Махмут Жүйнеки. Жасынан зағиптың мехнатын тартқан. Туып өскен елі — Түркістан қаласының маңындағы Жүйнек деген жер.

Ақынның «Ақиқат сыйы» атты кітабы — тәлім-тәрбие, адамгершілік, білім, имандылық туралы ақыл-кеңестер беретін дидактикалық үлгідегі шығарма. Небәрі 466 жол өлеңнен тұрады. Жиырма шақты тақырыпқа бөлінген. Аруз өлең өлшемімен, түркі тілінде жазылған» [5; 51].

«Бақыт жолы білім арқылы білінеді», «Білімсіз надан — құны жоқ бақыр», «Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді?», «Білімсіз тірісінде көрде жатқан өлік сияқты» [5; 52].

Міне, бұратана, білімсіз, ғылымға ықыласы жоқ деген халықтың өкілі XII ғасырдың өзінде-ақ осылай ой толғап, халықты білім мен ғылымға шақырады, насихаттайды.

Екі мың жылдық тарихы бар дала поэзиясының бетін парактаған сайын, мұндай ақпарат, мағлұматтарға барынша қаныға түсеміз. Бағзы дәуір адамдарының ой-санасы, адами болмыс-бітімі, әлеуметтік жағдайы, көзқарас-пайымдарының барлығы сөз өнері арқылы бедерленіп, рухани жәдігер ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр.

XXI ғасырдағы озық ойлы адамзат өркениеті, ғылыми-технологиялық прогрестің барынша жетілген тұсында осыдан жүз мыңдаған жылдар бұрын жер қойнауында қалған затты немесе сүйекті зерттеп, ғылыми байлам жасап, жаңалық ашып жатады. Тіпті сол кездегі жер беті климатын, жан-жануар, тіршілік әлемі туралы нақты зерттеулер жүргізіліп, ғылыми тұжырым жасалынады.

Ал ғасырлар керуенін көктей өтіп, бүгінгі күнге жетіп отырған рухани жәдігерлерге (сөз өнері үлгілеріне) экспонат немесе өткеннің бедері ретінде немқұрайды қарау саяздықтың белгісі болар еді.

Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Ә.Қоңыратбаев: «...Қазақ фольклорында мал бағу, бала асырау, қыз ұзату, жаназалау, бақсылық нанымдары, діни әдет-ғұрыпқа байланысты туған салт өлеңдері көп.

Орыстар «бытовые песни» десе, біз оларды «тұрмыс-салт өлеңдері» дейміз. Бұлардың көпшілігі анонимдік түрде туып, халық аузында сақталған. Кейбіреулерінде тотемизм, мифологиялық ойлау, бақсылық ұғымдар мен діни әдет-ғұрыптардың да ізі бар» [6; 32], — дей келе, қазақтың бақташылық жырларының мәні мен мазмұндық ерекшелігіне жан-жақты тоқталады: «Төрт түлік мал жайындағы жырлардың өзі тілек-бата түрінде айтылады:

*Шаруаның бір түлік пірі — Шопан,
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.
Қойды аңдыған бәленің бәрін құртып,
Бықырт тиіп, үні өшсін қасқыр апан.*

Мал бағу қамынан туған бұл жырлардың енді бірі жыр формасында айтылған:

*Мен бір тілек тілейін,
Ай мүйізді, шоқпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең қойды бер!
Ұлды берсең бойлы бер,
Ақылы ортақ ойлы бер.*

Халық жылқының етін, түйенің күшін, сиырдың сүтін дәріптеген... Әрбір түліктің бабы болған. Сиыр қалың нуға, қоры үзілген буға бітем десе, қой қара тасқа, жабағы жеген насқа бітем, жылқы бетегелі белге, найза ұстаған ерге, түйе ащы көп сорға, ел ішінде зорға бітемін деген. Бұл қандай малға қандай қоныс жайлы дегенді білдірмек» [6; 32, 33].

Біз ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тұрмыс-салт өлеңдеріне жататын төрт түлік малға қатысты бақташылық жырлардан бірді-екілі ғана мысал келтіріп отырмыз. Ойымызды осы мысал төңірегінен өрбітер болсақ, тұрмыс-салт жырларының өзі байырғы ата-баба тұрмысынан, халықтың мал шаруашылығы жөніндегі таным-түйсігінен мол ақпарат беретіндігіне көз жеткіземіз. Алдымен «Келтірмей қу, пір ата, қойға топан», — деген сөйлемге назар аударалық. Бұл жердегі *пір* сөзі діни-наным сенімді білдіреді. *Пірге сыыну* ислам дінінде сопылық (суфизм) ағымына жатады. «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай», — дейді Жамбыл ақын. Яғни, пірге сыйынып, тілек тілеу сол уақыттың діни көзқарасын айғақтайтын ақпар. Екіншіден, төрт түліктің қандай адамдарға лайық екендігін білдіретін ойлары — халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты айтылған. Әр түліктің адамға әкелетін пайдасы, береке-ырысы турасында мегзейді. Мұның астарында үлкен мән, малмен көзін ашқан халық үшін аса құнды ғибраттың жатқандығы шүбәсіз.

Рухани құндылықтар бастауының қайнар көзі — айтыс өлеңдері. «Айтыс — халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси-шаруашылық тұрмысы да, мәдениет дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы, әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары да көрінеді. Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау болып бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та, дәл бейнелей алады» [7; 5].

Академик, жазушы С.Мұқановтың бұл пікірі толығымен айтыс өнерінің публицистикалық сипатын айқындап тұр деп айтуға болады. Зерттеу барысында келтіргеніміздей, азаматтық журналистика функцияларын өнер өкілдері, оның ішінде әсіресе ақын-жыраулар атқарғандығын М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты жазушы, ғалымдардың пікіріне жүгіне отырып, көз жеткізуге болады. Бұл ойымызды М.Әуезовтың: «Айтыс әр заманда күнделікті тіршілікке төтелей қатысы бар жанр болатын» [7; 12], — деген сөзі қуаттай түседі.

Сонымен, бағзы дәуірлерден бері халықпен бірге жасасып, қалыптасып, дамып келе жатқан айтыс өнері де әр заманның бедерін, уақыт тынысын айшықтайтын рухани жәдігерлеріміздің ең маңызды саласы болып саналады. Айтыстың даму жолдарын зерттеуші-ғалым М.Жармұқамедов өз еңбегінде өнердің осы түрі туралы толғамды пікір білдірген үш зерттеушінің ойын салыстырмалы түрде төмендегіше саралайды: «С.Мұқанов өз зерттеулерінде қазақ айтыстарын топтастырады:

1. Әдет-ғұрып.
2. Қайымдасу.
3. Жұмбақ айтысы.
4. Дін айтысы.
5. Ақындар айтысы.

Бұл жерде автор жұмбақ айтысы мен дін айтысын жеке түр есебінде ақындар айтысынан бөліп алып, оны тудырушылардың да бір кезде ақындар болғанын, бұл айтыстардың мазмұн-сипаты мен жалпы ақындар айтысының бір түрі екенін ескере бермеген тәрізді.

Орта мектепке арналған «Қазақ әдебиеті» оқу құралында Қ.Жұмалиев айтысты жетіге бөледі:

1. Бәдік айтысы.
2. Жар-жар.
3. Мал мен адамның айтысы.
4. Өлі мен тірінің айтысы.
5. Жұмбақ айтыс.
6. Салт айтысы: а) қыз бен жігіт айтысы;
б) ру айтысы.
7. Осы күнгі айтыстар.

Мұнда ақындар айтысы салт айтысына қосылып талданып, өзіндік беті айқын, өзекті сала — ақындар айтысының ара-жігі дараланып ашылмай қалған» [8; 13,14].

С.Мұқанов пен Қ.Жұмалиев пікірлерімен толық келіспеген М.Жармұқамедов «қазақ айтыстарын жіктеп топтастырудағы кейбір даулы мәселелер М.О.Әуезов зерттеулерінде ғылыми дұрыс шешімін тапқандығын» [8; 14] айтады. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті тарихының» алғашқы кітабы мен соңғы басылуындағы айтысқа байланысты жазған тарауларында айтыс өлеңдерін ірі екі топқа бөліп қарастырған. Олар:

1. Әдет-ғұрып айтысы.
2. Ақындар айтысы. Автор әдет-салт айтысына «Бәдік» пен «Жар-жарды», ал ақындар айтысына рушылдық, жұмбақ, дін айтыстарын жатқызады [8; 14].

Осы жерде пікірлері келтірілген үш зерттеуші де (С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Әуезов) оларға өзіндік ғылыми байлам жасаған М.Жармұқамедовтың жазбасында да бір анықтаушы сөз жетпейтін сияқты. Біздің пікірімізше, қазақ айтыстарын топқа емес, түрге бөлген дұрысырақ болар еді. Топтастыру жекелікті біріктіру ұғымына саяды. Ал түрге бөлу, бүтіндіктің реңк сипатын білдіріп тұрады. Мұны айтып отырғандағы себебіміз — айтыс өнері біреу. Уақыт, қоғам, дәстүр аталмыш өнерге (немесе рухани құндылыққа) әр түрлі өң сипат, өзгеріс беріп отырған. Халықтық сипатқа ие болған, күй, өлең-жырдың да авторы бар. Тарихта қалған жалғыз шумақ жырдың да авторы бар. Жазу-сызудың болмауы салдарынан көптеген рухани құндылықтар халық еншілігіне айналған.

Сондықтан да айтыс өлеңдерін мазмұндық, пішіндік өзгешеліктеріне орай, ғалымдарымыз келтіргендей, үш түрге бөліп қарастырғанның еш сөкеттігі жоқ. Мысалы:

1. Әдет-ғұрып, салт айтысы: а) «Аужар»; ә) «Бәдік»; б) «Жар-жар»; в) «Мал мен адамның айтысы»; г) «Жан-жануар, хайуанаттар айтысы»; ғ) «Өлі мен тірінің айтысы».
2. Қайымдасу айтысы: а) «Жұмбақ айтыс»; ә) «Дін айтысы»; б) «Қыз бен жігіт айтысы».
3. Әлеуметтік айтыс: а) «XX ғасырға дейінгі елдік-әлеуметтік айтыс»; ә) «Қазіргі кездегі ұлттық сипаттағы айтыс».

Айтыс өлеңдерін мазмұн, пішініне қарай осындай үш түрге бөліп қарастырсақ, ештеңеден ұтылмайтын сияқтымыз. Керісінше, ғасырлар бойы қалыптасып, дамып келе жатқан төл өнеріміз — айтыстың болмыс-бітімі бөлшектенбей, өзінің тұтастығын, тамыры тым тереңде екендігін таныта түсері хақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шамақай Қ. Сөз бостандығы және MASS-MEDIA: — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. — 92, 93-б.
- 2 Әлімбек Г. Сөз мағынасы және ақпарат. — Алматы: Атлас, 2006. — 164-б.
- 3 Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. — Алматы: Ғылым, 1987. — 288 б.
- 4 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасып даму жолдары. — Алматы: Білім, 2004. — 8-б.
- 5 Екі мыңжылдық дала жыры. — Алматы: Қаз. энцикл., 2000. — 752 б.
- 6 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. — Алматы: Ғылым, 1987. — 368 б.
- 7 Айтыс. — Алматы: Жазушы, 1988. — 1-т. — 288 б.
- 8 Айтыс. — Алматы: Жазушы, 1966. — 3-т. — 620 б.

К.Д.Асанов

Информативная природа народного творчества

В статье рассмотрена информативная природа народного творчества. Приведены древние виды и формы народного творчества, такие как поверья, жизнь и быт, традиции и обычаи и др. Автор статьи раскрыл информативную природу названных явлений на материале айтысов.

K.D.Asanov

Informative nature of folk art

In the article the informative nature of folk art. Listed species and ancient forms of folk art, such as beliefs and everyday life, traditions and customs, and more. The author tries to uncover the informative nature of these phenomena on the material aytys.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Абишева В.Т., профессор кафедры журналистики доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

Асанов Қ.Д., журналистика кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Әділова А.С., қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Bencic S., PhD in Linguistics, Associated Professor of Intercultural communication, Linguistics and Forensic linguistics in the Janko Jesenský Faculty of Law of the College in Sládkovičovo, Slovakia and Janos Selye University, Komárno, Slovakia.

Витковская Т.Н., магистрант кафедры классической и русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

Жүнісова М.Қ., қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Какжанова Ф.А., доцент кафедры теории английского языка кандидат филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

Каренов Р.С., маркетинг кафедрасының профессоры экономика ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Қабанов М.Ш., қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Омашева Ж.М., магистрант кафедры теории английского языка, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

Пак М.К., профессор кафедры классической и русской филологии доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

Рахимова Б.М., филология факультетінің 3-курс студенті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Рүстемова Ж.А., қазақ әдебиеті кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Сатова З.К., мұғалім, № 16 жалпы білім беретін орта мектебі, Қарағанды.

Шәкірова Қ.М., қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Эвертовски Т., аспирант, Университет им. Адама Мицкевича, Познань, Польша.